

"ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҚ ҚОРЫ" ТЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Жылдық есеп
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2020



Мазмұны

| | |
|---|----|
| Директорлар кеңесі төрағасының мәлімдемесі | 3 |
| Басқарма төрағасының мәлімдемесі | 6 |
| I. Қор туралы | 10 |
| II. Қордың даму тұжырымдамасы | 12 |
| III. 2020 жылы болған басты оқиғалар | 14 |
| IV. Макроэкономикалық жағдайға шолу | 17 |
| V. 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер | 21 |
| 5.1. Қордың басты мақсаттарын орындау | 21 |
| 5.2. Қордың қаржылық қызметінің нәтижелеріне шолу | 22 |
| VI. 2020 жылғы нәтижелерді бағалау | 25 |
| 6.1. Қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету | 25 |
| 6.2. Нарық талаптарында экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру | 27 |
| 6.3. Тиімді және орнықты Қорды құру | 34 |
| VII. 2021 жылға арналған басты мақсаттар | 44 |
| VIII. Корпоративтік басқару | 46 |
| IX. 2020 жылғы қаржылық есептілік және тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы | 57 |
| Терминдер мен анықтамалар | 71 |
| Байланыс ақпараты | 73 |

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



Құрметті инвесторлар мен серіктестер!

2020 жыл әрқайсымыз үшін оңай жыл болған жоқ. COVID-19 пандемиясы салдарынан болған дағдарыс ықпал ету деңгейі бойынша 2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысынан асып түсетін әлем экономикасындағы рецессияға алып келді. Енгізілген локдаундар мен карантиндік шектеулер аясында әлемнің барлық ірі экономикаларында іскерлік белсенділіктің төмендеуі байқалды.

Жаһандық экономикаға интеграцияны ескергенде дағдарыс Қазақстанның экономикасына да әсерін тигізді. Мұнай бағасының күрт төмендеуіне және мұнай өндірудің қысқаруына, сондай-ақ локдаунның енгізілуіне байланысты Қазақстан экономикасы екі есе күйзелісті бастан өткерді. Дегенмен, Қазақстанда экономикалық құлдыраудың тереңдігі озық елдерге қарағанда, айтарлықтай аз болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен дағдарысқа қарсы қабылданған теңдесі жоқ шаралар кешені ұлттық экономиканың терең құлдырауын болдырмауға және іскерлік белсенділікті қолдауға мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша экономиканың өсу қарқынын ұзағынан төмендеуін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі, ҚР Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесе отырып, халықтың төлеу қабілеттілігін қолдау, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікке көмек көрсету бойынша ауқымды шаралар кешенін қабылдады.

Ең алдымен, бұл шаралар карантиндік шектеулер кезінде банктік қарыздар бойынша төлемдердің мерзімін ұзарту болды. Сол үшін ҚР Ұлттық Банкі қарыз алушылардың банктер алдындағы міндеттемелерінің ұлғаюын болдырмау және қарызды қолайлы талаптармен қайтару мүмкіндігін жеңілдету үшін тиісті өзгерістер енгізді.

Сонымен бірге экономиканы қолдау, іскерлік белсенділікті ынталандыру және халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру үшін дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде ҚР Ұлттық Банкі 2,3 трлн теңгеге дейінгі жалпы сомаға бағдарламаларды қаржыландырды.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша қызметін өңдеу өнеркәсібінде және агроөнеркәсіптік кешенде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беруге шамамен 700 млрд теңге бөлінді.

Елде төтенше жағдай режимінің және шектеу шараларының енгізілуіне байланысты зардап шеккен кәсіпорындарға қолдау көрсету мақсатында, «Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы» шеңберінде ҚР Ұлттық Банкі айналым қаражатын толықтыруға жеңілдікпен кредит беру үшін 800 млрд теңге бөлді.

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы бойынша ҚР Ұлттық Банкі инфрақұрылымдық объектілерді іске қосу және жұмыс орындарын құру арқылы халықтың жұмыспен қамтылуын қолдау үшін шамамен 650 млрд теңге бөлді.

Тұрғын үй құрылысы және азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру үшін ҚР Ұлттық Банкі «Нұрлы жер» тұрғын үй коммуналдық бағдарламасын дамытуға 390 млрд теңгеге жуық қаржыландыру бөлді.

Мемлекет қабылдаған дағдарысқа қарсы шаралардың жеделдігі мен ауқымы жүйелік тәуекелдердің жинақталуын тежеуге және іске асырылуына жол бермеуге мүмкіндік берді.

Бұл жағдайда «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы ҚР Ұлттық Банкі жоғарыда аталған дағдарысқа қарсы бағдарламаларды іске асыруды тапсырған еліміздің негізгі қаржы институттарының бірі болды. Сонымен бірге «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру», «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық өнімі, Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасы және банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша басқа да бағдарламаларды іске асыру және ел экономикасын дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру жүктелді.

ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы Е.А.Досаев мәлімдегендей, 2021 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің дағдарысқа қарсы бастамалары ағымдағы жылы Қазақстан экономикасын белсенді түрде қалпына келтіруде айтарлықтай қолдау көрсетті және қолдау көрсетуін жалғастыруда. Осыған байланысты ҚР Ұлттық Банкі Қормен бірлесе отырып, банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және ел экономикасының дамуына қолдау көрсету үшін қажетті шараларды тиімді іске асыруды жалғастырады.

Қорытындылай келе, Директорлар кеңесінің атынан ынтымақтастық пен серіктестік үшін алғысымды білдіргім келеді, сондай-ақ Қор корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына және қызметті жүзеге асырудағы транспаренттілікке бағдарлана отырып, инвесторлармен, рейтингтік агенттіктермен, талдаушылармен және өзге де мүдделі тұлғалармен нәтижелі жұмыс істеу үшін әрдайым ашық қатынасқа дайын екенін атап өткім келеді.

**Құрметпен,
Директорлар кеңесінің төрағасы Берик Шолпанкулов**

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



Құрметті инвесторлар және серіктестер!

Сіздерге сәлем жолдай отырып, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының жылдық есебін назарларыңызға ұсынамын.

2020 жыл ішінде Қор ҚР Ұлттық Банкінің қаржылық орнықтылық пен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттерін, сондай-ақ бекітілген бағдарламаларды іске асыруда бүкіл ұжым жұмысының тиімділігі мен үйлесімділігін көрсетті.

2020 - 2022 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасы шеңберінде Қор өз қызметін келесі үш бағыт бойынша табысты жүзеге асырады: банк секторының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, экономиканы нарықтық жағдайларда дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру, тиімді және орнықты қор құру.

Covid-19 пандемиясы салдарынан экономикалық белсенділіктің төмендеуіне, шектеу шараларына байланысты ауыр кезеңге қарамастан, Қор барлық қиындықтарға лайықты жауап берді және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметке және Ұлттық Банкіне берген, экономиканы дамытуға, шағын және орта бизнеске, халыққа қолдау көрсетуге бағытталған тапсырмаларын орындау бойынша дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға белсенді қатысты.

Осылайша, **банк секторы мен экономиканың қаржылық орнықтылығына қол жеткізу үшін 2020 жыл ішінде Қор:**

- Банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасына, оның ішінде бұрын бөлінген мемлекеттік қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етуге қатысуын жалғастырды;
- жыл қорытындысы бойынша бүкіл корпоративтік секторды орналастырудың үштен бір бөлігін жүзеге асыра отырып, қор нарығының қатысушыларына инвестициялау үшін сапалы құрал берді;

- 44 мыңнан астам қарыз алушыға, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарына шамамен 250 млрд теңге сомасына қайта қаржыландыруды жүзеге асырып, қосымша көмек берді, бұл көптеген отбасыларға жалғыз баспанасын сақтап қалуға, қолданыстағы қарыздар бойынша борыштық жүктемені төмендетуге және банк секторында проблемалық қарыздардың үлесін азайтуға мүмкіндік берді;
- «7-20-25» бағдарламасына және «Баспана хит» НИӨ бағдарламасына қатысушы банктермен бірлесіп, ҚР Ұлттық Банкі мен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әзірлеген дағдарысқа қарсы іс-шаралар шеңберінде 6,8 мыңнан астам қарыз алушыға жалпы сомасы 1,3 млрд теңгеге төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі берілді. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолдау шараларын пайдаланған барлық қарыз алушылар стандартты кестеге қайта оралды.

Нарықтық талаптарда экономиканы дамытуға қаржылық қолдау көрсету шараларын іске асыру үшін:

- «7-20-25» бағдарламасы мен «Баспана хит» НИӨ бойынша кредит беру көлемі 45,1%-ға немесе 350 млрд теңгеге ұлғайды, оның ішінде «7-20-25» бағдарламасы бойынша 120 млрд теңге сомасына 10 мыңнан астам қарыз, «Баспана хит» НИӨ бойынша шамамен 230 млрд теңгеге 24 мыңнан астам қарыз берілді;
- экономиканың басымдық берілген 923 жобасына 699,1 млрд теңге сомасына қаржылық қолдау көрсетілді;
- «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы қаржыландырылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 657,8 млрд теңге сомасына жобалар іске асырылды, оларға 200 мыңнан астам жұмыскер тартылды;
- Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы шеңберінде 2020 жылы жалпы сомасы 612,5 млрд теңгеге 2,5 мыңға жуық жоба қаралды. Кредит берудің жалпы көлемі 508,0 млрд теңге болды. Көмек көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жалпы саны 76 мыңнан асты;
- Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы бойынша қатысушы банктер жалпы сомасы 132,4 млрд теңгеге отандық өндірістің 26 мың автомобилін сатып алуға жеңілдікпен қарыздар берді;
- «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде халықты баспанамен қамтамасыз ету үшін 270 млрд теңге бөлінді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қордың таза кірісі 32,4 млрд теңге болды, ол Қордың Жалғыз акционерінің шешімі бойынша 2021 жылғы мамырда дивидендтер төлеуге бағытталды.

Қалыптасқан жағдайда Қордың жұртшылықпен коммуникацияларының рөлі өсті. Коммуникациялардың барлық арналарын цифрландыру жедел режимде қарыз алушыларға, кәсіпкерлерге және басқа да мүдделі тұлғаларға әріптес банктерден келіп түсетін ақпаратты ұсынуға мүмкіндік берді.


Қор өз қызметінде ҚР Ұлттық Банкі қойған міндеттерді тиімді орындауға және сапалы қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге ғана емес, орнықты даму және әлеуметтік экономикалық жауапкершілік қағидаттарына да бағдарланады.

Сөзімнің соңында серіктестерге және Қордың бүкіл ұжымына жемісті ынтымақтастығы үшін

алғысымызды білдіргім келеді. Қор қаржылық тұрақтылыққа ықпал ете отырып, экономиканы қалпына келтіру және оны одан әрі тұрақты дамыту іс-шараларына белсенді қатыса отырып, өзінің миссиясы мен міндеттерін орындауды жалғастырады.

Құрметпен,
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ
ЕРБОЛАТ ОСПАНОВ

Қор туралы



I. Қор туралы

ҚОРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

2014-2017 жылдары Қазақстан бюджеттің негізгі көздерін құрайтын энергия көздері мен шикізат тауарларына әлемдік бағаның күрт төмендеуіне байланысты қаржылық дағдарысқа және оның салдарларына ұшырады.

Осының салдарынан банк секторының қаржылық жай-күйі едәуір нашарлады, бұл экономиканың кредит беру қарқынына теріс әсер етті, несие портфелі сапасының төмендеуінде және экономикалық өсу қарқынының баяулауында рөл атқарды. Халықаралық рейтингтік агенттіктер көптеген қазақстандық банктердің рейтингтері мен болжамдарын банктердің капиталдандыру, кірістілік және өтімділік көрсеткіштеріне қысымның күшеюіне байланысты «Жағымсыз» деп қайта қарады.

Ірі банктердің қаржылық жағдайының одан әрі нашарлауына жол бермеу мақсатында 2017 жылғы 30 маусымда Мемлекет Басшысының Жолдауын орындау үшін ҚР Ұлттық Банкі ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасын іске қосты.

Оны жүзеге асыру үшін ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы №130 қаулысына сәйкес Қор құрылды.

2019 жылға қарай Банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасы екінші деңгейдегі банктерге реттеушілік талаптар шеңберінде өз қаржылық көрсеткіштерін едәуір жақсартуға мүмкіндік берді: активтердің сапасы жақсарды, капиталдың бірқалыпты өсуі орын алды, бұл жәйт кредит беруді күшейту үшін алғышарттар жасады.

Кейіннен Қор елдің қаржылық тұрақтылығы үшін қажетті түрлі бағдарламалар мен экономиканы қолдау шараларын іске асыру үшін маңызды қаржы институтына айналды.

2019 жылғы 25 желтоқсанда ҚР Ұлттық Банкі «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ға қосу арқылы Қордың ерікті түрде қайта ұйымдастырылуын жүзеге асырды. Қорға ипотекалық тұрғын үйге кредит берудің қолжетімділігін арттыру үшін «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасын және «Баспана хит» НИӨ бағдарламасын іске асыру бойынша құқықтар берілді.

Қордың қазақстандық бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды орналастырумен байланысты қызметінің жаңа түрі тиісті рейтингтералуды талап етті. 2020 жылдың басында Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Қорға эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін (ЭДР) шетел және ұлттық валютасында «BBB» деңгейінде «Тұрақты» болжамымен тағайындады.


ҚОРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

Қордың Жалғыз акционері (БСН 170940012405) ҚР Ұлттық Банкі (БСН 941240001151) болып табылады. Қорды Алматы қ. Әділет департаментінің Медеу ауданы бойынша Әділет басқармасы 2017 жылғы 11 қыркүйекте тіркеді. Заңды мекенжайы: Қазақстан, А25D6H8, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 136-үй.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

2020 жылғы Жылдық есеп

Қордың даму тұжырымдамасы



II. Қордың Даму тұжырымдамасы

Қор өз қызметін ҚР Ұлттық Банкінің қаржылық орнықтылығы мен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттері, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкі бекіткен бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырады.

2019 жылдың соңында «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ны Қорға қосқан соң және қызметтің жаңа түрлері пайда болғаннан кейін 2020 жылы Қор 2020-2022 жылдарға арналған Қордың Даму тұжырымдамасын әзірледі, онда Қордың жақын арадағы жылдарға арналған мақсаттары мен міндеттері белгіленген.

Қордың миссиясы халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту және ҚР Ұлттық Банкінің стратегиялық міндеттері шеңберінде бизнестің дамуына қолдау көрсету болып табылады.

Қордың пайымдауы – қаржы секторының орнықтылығы бағдарламаларын тиімді іске асыратын және экономиканың дамуына қаржылық қолдау көрсететін даму институты.

Қордың Даму тұжырымдамасын іске асырудың негізгі бағыттары:

1. Қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету:

- Банк секторының қаржылық орнықтылығы;
- Бағалы қағаздар нарығы;
- Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

2. Нарықтық талаптарда экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру:

- Тұрғын үйдің қолжетімділігі және ипотекалық тұрғын үйге кредит беру;
- Экономиканың басым жобаларына қаржылық қолдау көрсету;
- ШОБ және кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсетудің «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Нұрлы жер» бағдарламалары шеңберінде жобаларды қаржыландыру.

3. Тиімді және орнықты Қорды құру:


- Қаржылық тұрақтылық;
- Тәуекелдерді басқару жүйесі және қолданыстағы бағдарламалардың тиімділігін талдауды жүзеге асыру;
- Адам капиталы;
- Ақпараттық технологиялар;
- Беделдік және маркетингтік саясат.

Сонымен бірге Қор ҚР Ұлттық Банкінің тапсырмаларына сәйкес жаңа және қолданыстағы бағдарламалар арқылы дағдарысқа қарсы мемлекеттік шараларды іске асыруға қатысады.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

2020 жылғы Жылдық есеп

Басты оқиғалар



III. 2020 жылы болған басты оқиғалар

1. Бірігу

2020 жылы «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ны Қорға біріктіру жолымен Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүзеге асырылды. Қайта ұйымдастыруды іске асыру мақсатында тапсыру актісі қалыптастырылып бекітілді, оған сәйкес Қор тиісінше 493,6 млрд теңге және 279,4 млрд теңге мөлшерінде «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның активтері мен міндеттемелерін қабылдады.

3. Қаржылық есептілік аудиті

Тәуелсіз аудитор «Делойт» ЖШС 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қордың қаржылық есептілігінің аудитін жүргізді, оның қорытындысы бойынша Қордың қаржылық есептілігінің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетіні расталды және 2019 жылғы ескертпе алынып тасталды.

5. Эмиссиялық белсенділік

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ алаңында Қор бүкіл корпоративтік сектордың 1/3 орналастыруларының эмитенті болды. Бағалы қағаздар нарығын дамыта отырып, Қор нарық қатысушыларына корпоративтік сектордың

2. Рейтинг алу

2020 жылғы 12 ақпанда Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Қорға эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін (ЭДР) шетел және ұлттық валютасында «BBB» деңгейінде «Тұрақты» болжамымен тағайындады

Fitch пікірі бойынша «Қордың мәртебесі, меншігі және қызметіне бақылау «өте жоғары» деп бағаланды. Бұл мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру үшін қолайлы саяси жағдайға негізделген», - деп айтылған Fitch хабарламасында.

4. Дивидендтер төлеу

2020 жылы Қордың Жалғыз акционері ҚР Ұлттық Банкінің шешімі негізінде Қор 27,7 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.

6. Төлем мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігін беру

Қор «7-20-25» бағдарламасына және «Баспана Хит» НИӨ қатысушы банкт ерімен бірлесе отырып, 2020 жылғы наурыздан бастап Қазақстанда COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуына байланысты енгізілген төтенше жағдай кезеңіне қарыздар бойынша негізгі

өкілдері үшін де, дара инвесторлар үшін де инвестициялау үшін сапалы құрал берді.

7. Жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын іске қосу

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы» Жарлықтарына сәйкес 2020 жылғы наурызда Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы іске қосылды.

9. Қордың бағдарламаларына өзгерістер енгізу

2020 жылғы қыркүйекте «Баспана хит» НИӨ талаптарына сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны бөлігінде және тұрғын үйдің құрылысына үлестік қатысу кезінде салынатын баспананы сатып алуға жаңа өнім енгізу бойынша өзгерістер енгізілді.

Қайта қаржыландыру бағдарламасына шетел валютасында берілген қарыздарды Қайта қаржыландыру бағдарламасының 2-бөлімі шеңберінде біржақты тәртіппен айырбастау бөлігінде өзгерістер енгізілді.

11. Жаңа өнімді іске қосу

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезінде құрылысы салынатын баспананы сатып алу бойынша жаңа өнім ендіру шеңберінде 2020 жылғы желтоқсанда қатысушы банктер салынатын баспананы

борыш және (немесе) сыйақы төлеу мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігін берді.

8. Сыйақы мөлшерлемесін төмендету


2020 жылғы сәуірде COVID-19 коронавируc пандемиясы жағдайында қарыз алушыларға қолдау көрсету шаралары шеңберінде 2020 жылғы 10 наурыздан бастап 2020 жылғы 5 сәуірге дейінгі кезеңде «Баспана хит» НИӨ шеңберінде жасалған банктік қарыз шарттары бойынша сыйақының номиналды мөлшерлемесі жылдық 13,75%-дан жылдық 11,25%-ға дейін төмендетілді.

10. «Баспана хит» НИӨ бойынша кредит беру жоспарын ұлғайту

2020 жылғы қарашада Директорлар кеңесі «Баспана хит» НИӨ шеңберінде кредит берудің және қарыздарды сатып алудың индикативтік көлемін 300 млрд теңгеден 500 млрд теңгеге дейін ұлғайтуды шешті.

сатып алу бойынша жаңа өнім шеңберінде кредиттік өтінімдер қабылдауды бастады. Осы өнім бойынша бірінші қарыз берілді.


Макроэкономикалық жағдайға шолу



IV. Макроэкономикалық жағдайға шолу

2020 жылы әлем экономикасындағы COVID-19 пандемиясының салдарынан болған дағдарыс Қазақстан экономикасына да тікелей әсер етті. Жыл басында мұнай бағасының және оны өндіру көлемінің күрт төмендеуі, локдаунның және коронавирус пандемиясымен күресу бойынша шектеу шараларының енгізілуі 2020 жылдың ортасында Қазақстанда экономиканың нақты секторының 3,0%-ға құлдырауының негізгі факторлары болды.


2019-2020 жылдарда Қазақстандағы ЖІӨ индексі (%)



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы


Экономика құлдырауының атамш себептерінің салдары ретінде 2020 жылы іскерлік белсенділіктің 51,6 тармақтан ІІ тоқсанның басында 37,2 тармаққа дейін төмендегені, ІІІ тоқсанның қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейінің 5,0%-ға дейін өскені, 2020 жылдың соңына қарай тұтынушылық бағаның және жылдық инфляцияның 7,5%-ға дейін өскені байқалды.

2019-2020 жылдарда Қазақстандағы іскерлік белсенділік индексі



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

2019-2020 жылдардағы жылдық инфляция (%)




Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

Дағдарыс кезеңінде жұмыссыздық деңгейінің өсуі, бағаның өсуі, көптеген кәсіпорындар мен бизнес қызметінің шектелуі 2020 жылы халықтың нақты ақшалай кірістеріне теріс әсерін тигізді. Мәселен, 2020 жылғы наурызда шектеу шаралары енгізілгеннен кейін аталған кезеңде номиналды

ақшалай кірістер индексі 113,8%-дан 2020 жылғы IV тоқсанның басында 98,2%-ға дейін төмендеді. Нақты ақшалай кірістер индексі 107,0%-дан 91,7%-ға дейін азайды.

2019-2020 жылдардағы номиналды және нақты ақшалай кірістер индексі (%)




Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

Экономикада туындаған жағдайды тұрақтандыру, сыртқы және ішкі жағдайлардың нашарлауынан болған жағымсыз салдарларды басу үшін мемлекет 2020 жылы төтенше жағдай кезінде бизнесті және халықты қолдауға бағытталған бірқатар дағдарысқа қарсы шаралар қабылдады. Аталған міндеттерді шешу үшін шамамен 6 трлн теңге (ЖІӨ-нің 9%-ы) бөлінді, олар денсаулық сақтауды дамытуға, жұмыссыздықты тежеуге, төтенше жағдай режимінің және шектеу іс-шараларының енгізілуіне байланысты өз табысын жоғалтқан жұмыс істейтін азаматтарға ақшалай қаражат төлеуге жұмсалды.

Бизнесті қолдау тетіктерін іске асыру және халықтың қаржылық жағдайының нашарлауына жол бермеу үшін 2020 жылы ҚР Ұлттық Банкі «Нұрлы жер» бағдарламасы, Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы, «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы», төтенше жағдайдың енгізілуі нәтижесінде зардап шеккен халықтың, сондай-ақ шағын және орта бизнестің қарыздары бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомалары бойынша төлемдерді тоқтата тұру тәртібі сияқты мемлекеттік дағдарысқа қарсы бағдарламаларын және көптеген басқа да жобаларды қаржыландыруға қатысты. ҚР Ұлттық Банкі қаржыландырған дағдарысқа қарсы пакеттің жалпы сомасы 2,3 трлн теңгені құрады.

2020 жылы пандемия кезінде мемлекет бизнеске және халыққа көрсеткен шаралар қазақстандық кәсіпорындарға жылдың соңына қарай 49,0 тармаққа дейін іскерлік белсенділігін қалпына келтіруге, ЖІӨ оң динамикасын өсіруге, жұмыссыздық деңгейін 4,9%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Жақсарту бойынша белгіленген қадамдар жылдың соңына қарай азаматтардың қаржылық әл-ауқатына да әсер етті, өйткені 2020 жылдың соңына қарай халықтың номиналды және нақты кірістері индексі 104,3%-ға дейін және тиісінше 97,0%-ға дейін өсті.


Жұмыссыздықтың саны мен деңгейі



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

Қаржы секторына қолдау көрсетудің және бизнес пен халыққа кредит берудің талаптарын жеңілдету арқасында екінші деңгейдегі банктердің корпоративтік және жеке тұлғаларға арналған кредиттерінің несие портфелінің жалпы көлемі 2020 жылы 14,6 трлн теңгеге дейін 5,5%-ға ұлғайды. Мемлекеттің бизнес үшін кредит беру мөлшерлемелерін субсидиялауы екінші деңгейдегі банктерге 2020 жыл бойы заңды тұлғалар үшін қолданыстағы кредит беру қарқынын өткен жылдардағы деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік берді, сондай-ақ жылдың соңына қарай жалпы кредит беру көлеміндегі ұзақ мерзімді кредит берудің үлес салмағын 27,0%-ға дейін көбейтуге мүмкіндік берді.

Заңды және жеке тұлғаларға берілген банктік қарыздардың көлемі (млрд теңге)



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

Негізгі көрсеткіштер

V. 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

5.1. ҚОРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Қор 2020 жылы мынадай негізгі көрсеткіштерді іске асырды:

(млрд теңге)

| № | КӨРСЕТКІШ | 2020 ЖЫЛ (ФАКТ) | 2019 ЖЫЛҒЫ ФАКТІГЕ ДИНАМИКА |
|--|---|-----------------|-----------------------------|
| Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету | | | |
| 1 | Бағалы қағаздар нарығы | 881 | +592,4 |
| 2 | Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасы, борыштық жүктемені азайту бойынша шаралар | 247 | +72 |
| Нарықтық талаптарда экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру | | | |
| 4 | ЕДБ «7-20-25» бағдарламасы бойынша (оның ішінде «Баспана хит» НИӨ бойынша) берген ипотекалық тұрғын үй қарыздарының көлемі | 632 | +349,7 |
| 5 | «7-20-25» бағдарламасы (оның ішінде «Баспана хит» НИӨ бойынша) ипотекалық тұрғын қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу | 587 | +326,8 |
| 6 | «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы | 140 | +46 |
| 7 | Отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы | 40 | +20 |
| 8 | Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасын қаржыландыру | 270 | +270 |
| 9 | Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы (Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары туралы) | 748 | +748 |
| 10 | «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасын қаржыландыру | 700 | +700 |

2020 жыл ішінде Қор оның Даму тұжырымдамасының (1) қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етуге және (2) нарықтық талаптарда экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыруға бағытталған негізгі стратегиялық бағыттарды белсенді іске асырды.

Қазақстан Республикасы Президентінің дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру бойынша тапсырмаларын орындау шеңберінде Үкімет ҚР Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, 2020 жылы экономиканы қолдауға, халықтың іскерлік белсенділігін және жұмыспен қамтылуын ынталандыруға арналған іс-шаралар кешенін іске асырды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша басты стратегиялық бағыттарда мынадай үрдістер байқалды:

- Қор «7-20-25» бағдарламасы және «Баспана Хит» НИӨ бойынша тұрғын үй қарыздары бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша жалпы сомасы 326,8 млрд теңгеге талап ету құқықтарын сатып алу арқылы тұрғын үй нарығына ұзақ мерзімді кредит беруді қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырды. Аталған бағдарламаларды Қордың облигацияларын орналастыру есебінен 592,4 млрд теңге сомасына қаржыландыру қазақстандық бағалы қағаздар нарығының дамуын жандандырды;
- Қор 2020 жылы Қайта қаржыландыру бағдарламасына қатысуын, негізінде шетел валютасында жалпы сомасы 72 млрд теңге мөлшерінде берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағыты шеңберінде жалғастырды;
- 2020 жылы отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларға кредит беру мақсаттары үшін Қор серіктес банктерге қосымша 20 млрд теңге жіберді;
- Қазақстан Республикасы Президентінің халықты баспанамен қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылдауға қатысты тапсырмасына сәйкес, Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қор жергілікті атқарушы органдардың қолжетімді баспана салуына және «5-10-20» («Шаңырақ») пилоттық жобасы бойынша жеңілдікпен кредит беруді қаржыландыруға 270 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлді;
- Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы шеңберінде, елде төтенше жағдайдың және шектеу шараларының енгізілуі салдарынан зардап шеккен кәсіпорындарға қолдау көрсету мақсатында Қор жалпы сомасы 748 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыруды жүзеге асырды;
- 2020 жылдан бастап енгізілген Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру шеңберіндегі мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қор жалпы сомасы 700 млрд теңге мөлшерінде қолдау көрсетті.

5.2. ҚОРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

| Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2020 жыл үшін | | |
|------------------|---------------|---------------|-------|------------|
| | | жоспарлы | нақты | динамикасы |
| Активтер | млрд теңге | 3 811 | 3 377 | - 434 |
| Меншікті капитал | млрд теңге | 3 136 | 2 648 | - 487 |
| Қарыз капиталы | млрд теңге | 676 | 729 | + 53 |
| ЕБИТДА | млрд теңге | 29,6 | 36,6 | + 7,0 |
| Таза кіріс | млрд теңге | 30,6 | 32,4 | + 1,8 |
| ROA | % | 0,8 | 0,96 | + 0,16 |
| ROE | % | 0,97 | 1,22 | + 0,25 |
| ROS | % | 5,02 | 5,87 | + 0,85 |

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қордың қаржылық көрсеткіштері оң болды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор активтерінің жиынтық мөлшері 3 377 млрд теңге (2019 жылмен салыстырғанда +129%), Қордың меншікті капиталы 2 648 млрд теңге (2019 жылмен салыстырғанда +79%), міндеттемелері 729 млрд теңге болды. 2020 жылы Қор көрсеткіштерінің өсімі Қорға «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның қосылуына, сондай-ақ басты көрсеткіштерде көрсетілген Қордың стратегиялық

бастамалары шеңберінде бағдарламаларды іске асыруына байланысты болды.

Ағымдағы қаржы жылындағы пайдалылық көрсеткіштері: ROA – 0,96% (жоспармен салыстырғанда +0,16%), ROE – 1,22% (жоспармен салыстырғанда +0,25%) және ROS – 5,87% (жоспармен салыстырғанда +0,85%), бұл таза пайданың мөлшеріне байланысты болды. Қордың 2020 жылғы таза кірісі 32,4 млрд теңгені құрады.

Жалғыз акционердің 2021 жылғы 17 мамырдағы №6 шешіміне сәйкес Қор 2020 жылғы таза пайданы дивидендтерді төлеуге жіберді.

Активтер бойынша жоспардан және меншікті капиталдан ауытқу 2020 жылдың аяғында қаржы активтерінің мерзімінен бұрын шығып қалуына және ипотекалық қарыздар портфелі көлемінің ұлғаюымен ішінара өтелген жаңа инвестицияларды қайта бағалауға байланысты болды.

«7-20-25» бағдарламасы және «Баспана хит» НИӨ бойынша ипотекалық кредиттік портфельдің ұлғаюы облигацияларды орналастыру көлемін бастапқы жоспармен салыстырғанда 53 млрд теңгеге көтерді.

Жоспармен салыстырғанда пайдалылық көрсеткіштерінің өсуі активтердің 11%-ға, капиталдың 16%-ға төмендеуі кезінде таза кірістің 6%-ға ұлғаюымен түсіндіріледі.

Нәтижелерді бағалау

VI. 2020 жылғы нәтижелерді бағалау

6.1. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасын іске асыру

ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасының басты мақсаттары банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторына кредит беруді қалпына келтіру, экономикаға және халыққа банктік қызметтерді үздіксіз көрсету, сондай-ақ банк секторының бәсекелестік қабілетін қамтамасыз болып табылады. Коронавирус инфекциясының пандемиясы және әлемдік дағдарыстардың салдарынан экономикалық жағдайдың нашарлауы кезеңінде Қор ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасы шеңберінде 2020 жылы бүкіл қаржы жүйесінің және экономиканың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ бұрын бөлінген мемлекеттік қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында банк секторын қолдауға белсенді қатысуын жалғастырды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша банк секторының жиынтық активтерінің ЖІӨ-ге арақатынасы 38,6%-дан 44,1%-ға дейін өсті (дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы).

2. Қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыру

2020 жылы Қор қарыз алушылардың (кепіл берушілердің) жалғыз баспанасын сақтап қалу, қарыз алушыларға қарызды өтеуге және проблемалық қарыздардың үлесін төмендетуге жәрдемдесу, сондай-ақ ипотекалық қарыз алушылардың, оның ішінде ХӘОТ санатына жататын қарыз алушылардың борыштық жүктемесін жеңілдету мақсатында Қайта қаржыландыру бағдарламасына қатысуын жалғастырды.

1) Қайта қаржыландыру бағдарламасының «2004 - 2009 жылдар аралығындағы кезеңде берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру тәртібі» деген 1-бөлімі шеңберінде ақша екінші деңгейдегі банктердегі салымдарда 30 жыл мерзіміне орналастырылды. Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,99%-ды құрайды.

Қайта қаржыландыру бағдарламасының 1-бөлімінің талаптарына сәйкес қатысушылардың қарыздарды қайта қаржыландыруы үшін 130 млрд теңге бөлінді.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қор қатысушылардың салымдарына 125 746,3 млн теңге салды, оның ішінде бастапқы лимит есебінен 105 539,7 млн теңге және қосымша лимит есебінен 20 206,6 млн теңге игерілді.

Қайта қаржыландыру бағдарламасының **1-бөлімі бойынша қосымша лимитті есептегенде игерілген ақшаның үлесі бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 97%-ын құрайды.**

2020 жылы 1-бөлім бойынша қатысушылардың бөлінген қаражатты игеруі шеңберінде **жалпы сомасы 9 065,4 млн теңге мөлшерінде 1197 қарыз, оның ішінде 4 554 млн теңге сомасына 559 ХӘОТ қарызы қайта қаржыландырылды.**

Қатысушылар 2020 жылы ХӘОТ санатына жататын және күшіне енген сот шешімі бар қарыз алушылардың мемлекеттік баж бойынша, сондай-ақ Қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша қайта қаржыландырылған шетел валютасындағы проблемалық қарыздар бойынша (1 АҚШ доллары үшін 188,35 теңге бағамы бойынша) 1 358,5 млн теңге сомасына

міндеттемелерді кешірді, оның ішінде Қор оның салымдары бойынша есептелген сыйақы есебінен 476,7 млн теңгені өтеді. 881,8 млн теңге сомасындағы талаптардың қалдығын Қор келесі кезеңдерде өтеуі тиіс.

2) Қайта қаржыландыру бағдарламасының «Шетел валютасында берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру тәртібі» деген 2-бөлімі шеңберінде ақша екінші деңгейдегі банктердегі салымдарда 30 жыл мерзіміне орналастырылды. Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,1%-ды құрайды.

Қайта қаржыландыру бағдарламасының 2-бөлімінің талаптарына сәйкес қатысушылардың қарыздарды қайта қаржыландыруы үшін 111 400 млн теңге бөлінді.

Экономиканы тұрақтандыру және экономиканы қалпына келтіру жөніндегі шаралар шеңберінде заңнамаға шетелдік қарыз валютасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына ауыстыру кезінде шетел валютасында берілген ипотекалық қарыз бойынша ақшалай міндеттемені азайту жағына қарай өзгерту түрінде банктің қарыз алушылар үшін жақсартатын талаптарды біржақты тәртіппен ұсынуын көздейтін өзгерістер енгізілді. 2020 жылғы

қыркүйекте ҚР Ұлттық Банкі Қайта қаржыландыру бағдарламасына тиісті өзгерістерді енгізді. Сондай-ақ валюталық қарыздарды айырбастау шарасын қысқа мерзімде аяқтау мақсатында Агенттік Шетел валютасында берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) айырбастау тәртібін бекітті.

Заңнамаға енгізілген осы өзгерістер екінші деңгейдегі банктерге қарыздың шетел валютасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына ауыстырған кезде шетел валютасында берілген ипотекалық қарыз бойынша ақшалай міндеттемені азайту бөлігінде банктік қарыз шартын біржақты тәртіппен өзгертуге мүмкіндік берді.

Мәселен, екінші деңгейдегі банктер 2021 жылғы 1 қаңтарда Бағдарламаның 2-бөлімі бойынша **108 174 млн теңге (лимит сомасынан 97%) сомасына 15 136 қарызды қайта қаржыландырды**, оның ішінде біржақты тәртіппен 48 798 млн теңге сомасына 4 658 қарыз шетел валютасынан ұлттық валютаға айырбасталды, бұл қарыз алушылардың борыштық жүктемесін 114 549,6 млн теңгеге төмендетуге мүмкіндік берді.

Қатысушылар қайта қаржыландырған 10 478 қарыздың жалпы санынан (біржақты тәртіппен қайта қаржыландырылған қарыздарды есептемегенде) ХӨОТ қарыздары 1 996 қарызды (19%) құрайды. Қатысушылар 2020 жылы ХӨОТ санатына жататын және күшіне енген сот шешімдері бойынша қарыз алушылардың мемлекеттік баждары бойынша міндеттемелері 153,2 млн теңге сомасына кешірді, оның ішінде Қор оның салымдары бойынша есептелген сыйақы есебінен 15 млн теңгені өтеді. Талаптардың 138,2 млн теңге сомасындағы қалдығын Қор келесі кезеңдерде өтеуі тиіс.

3) Қайта қаржыландыру бағдарламасының «Ипотекалық қарыз алушыларға қосымша көмек көрсету» деген 2-1 бөлімі шеңберінде Қор Қайта қаржыландыру бағдарламасының талаптарына сәйкес 2020 жылы 19 қатысушымен **жалпы сомасы 36 214 млн теңгеге** Банктік салым (өтемақы сомасы) шарттарын 30 жыл мерзіміне жасады. Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,1%-ды құрайды.

Қайта қаржыландыру бағдарламасының аталған Бөлімі шеңберінде қосымша көмек көрсету үшін барлығы 44 600 млн теңге бөлінді.

Қатысушылар 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қайта қаржыландыру бағдарламасының 2-1 бөлімі бойынша **1 393 ипотекалық қарыз алушыға 13 057,7 млн теңге сомасына қосымша көмек көрсетті**, бұл **борыштық жүктемені 19 519,8 млн теңгеге төмендетуге** мүмкіндік берді.

Қатысушылар берген есептерге сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қайта қаржыландыру бағдарламасының 2-1 бөлімі бойынша қайта қаржыландырылған қарыздар бойынша қатысушылар кешірген талаптардың жалпы сомасы 6 449,8 млн теңгені құрады. **Барлығы Қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 246 978 млн теңге сомасына 44 505 ипотекалық қарыз қайта қаржыландырылды және қосымша көмек көрсетілді.**

6.2. НАРЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРДА ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ТҮСІМДЕРІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

1. Ипотекалық тұрғын үй кредитін беру бағдарламаларын іске асыру

«Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ қосылғаннан кейін Қор «7-20-25» бағдарламасының және «Баспана хит» НИӨ ипотекалық тұрғын үй бағдарламаларының құқықтық мирасқоры және операторы болды.

«7-20-25» бағдарламасын ҚР Ұлттық Банкі 2018 жылы Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуінде айтылған «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» деген алғашқы бастамасын іске асыру мақсатында бекітті, оның шеңберінде азаматтарға бастапқы нарықта баспана алу үшін ипотекалық тұрғын үй қарыздары беріледі.

«7-20-25» бағдарламасының негізгі талаптары: ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша жылдық номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7%; бастапқы жарна кепілмен қамтамасыз етуді құнының 20%-ы мөлшерінде белгіленді; ипотекалық тұрғын үй қарызының мерзімі – 25 жылға дейін. Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғарғы құны 25 млн теңге – Нұр-Сұлтан, Алматы (қала маңындағы аймақтарды қоса алғанда), Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін; 20 млн теңге – Қарағанды қаласы үшін (ҚР Ұлттық Банкінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 64 қаулысына сәйкес өзгертілді); 15 млн теңге – басқа өңірлер үшін.

«Баспана хит» НИӨ Қазақстан халқына бастапқы нарықта да (дайын және үлестік қатысу шеңберінде салынатын), қайталама нарықта да баспана алуға ипотекалық қарыз беру үшін тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредит беруді ынталандыру тәсілдеріне сәйкес іске асырылды. «Баспана хит» НИӨ негізгі талаптары: қарыз бойынша жылдық номиналды сыйақы мөлшерлемесі – ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 175 базалық тармақ; бастапқы жарна сатып алынатын тұрғын үйдің нарықтық құнынан 20% мөлшерінде; қарыз мерзімі – 15 жылға дейін.

2020 жыл ішінде Қордың Директорлар кеңесі ҚР Ұлттық Банкімен келісім бойынша «Баспана хит» НИӨ бойынша кредит берудің индикативті көлемін 500 млрд теңгеге дейін ұлғайту, бастапқы нарықта сатып алынатын тұрғын үйдің баға лимиттерін көтеру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезінде көп пәтерлі тұрғын үйде үлесті сатып алуға бағытталған жаңа өнімді іске қосу бойынша шаралар қабылдады.

Жоғарыда аталған шаралар бастапқы тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға және Қордың ипотекалық өнімдеріне халықтың сұранысын қанағаттандыруға бағытталды.

Атап айтқанда, «Баспана хит» НИӨ талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оларға сәйкес:

- 1) сатып алынатын тұрғын үйдің/үлестің ең жоғарғы құны:
 - ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша: Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары үшін бастапқы нарықта - 35 млн теңге және қайталама нарықта - 25 млн теңге; Ақтау, Атырау және Шымкент қалалары үшін – 25 млн теңге және басқа өңірлер үшін – 15 млн теңге;


- банктік қарыз бойынша (тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезінде): Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары үшін - 35 млн теңге; Ақтау, Атырау және Шымкент қалалары үшін – 25 млн теңге және басқа өңірлер үшін – 15 млн теңге;
- 2) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезінде көп пәтерлі тұрғын үйде үлесті сатып алуға банктік қарыздың талаптары бекітілді.

Қор тұрақты негізде еліміздің халқы үшін ипотекалық өнімдердің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізеді. 2020 жылы «7-20-25» бағдарламасын және «Баспана хит» НИӨ бағдарламасын іске асыруға жаңа қатысушы - «Altyn Bank» АҚ тартылды. Қазіргі кезде бағдарламалар шеңберінде кредиттерді 9 банк: «Банк ЦентрКредит» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Jysan bank» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ», «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ және «Altyn Bank» АҚ береді.

Осының нәтижесінде 2020 жылы «7-20-25» бағдарламасы және «Баспана хит» НИӨ бағдарламасы шеңберінде кредит беру көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 45,1%-ға ұлғайып, 349 680 млн теңгені құрады, оның ішінде «7-20-25» бағдарламасы бойынша 120 838 млн теңге сомасына 10 207 қарыз берілді, «Баспана хит» НИӨ бойынша 228 843 млн теңге сомасына 24 342 қарыз берілді.

Осылайша, 2020 жылы банктер халыққа тұрғын үй құрылысына және сатып алуға берген ипотекалық қарыздардың жиынтық көлемінде «7-20-25» бағдарламасының және «Баспана хит» НИӨ үлесі 28,1%-дан 33,3%-ға дейін өсті.

Екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық тұрғын қарыздарын беру динамикасы



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі.

Өңірлердегі абсолюттік көрсеткіш бойынша қарыздар беру көлемінің ұлғаюы байқалады, бұл ретте ипотекалық тұрғын үй кредитін берудің Нұр-Сұлтан қаласы мен Алматы қаласынан басқа өңірлерге ауысқаны байқалады. Мәселен, егер 2019 жылы Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына кредит берудің жиынтық көлемінің 52,6%-ы тиесілі болса, 2020 жылы олардың үлесі 1,9%-ға қысқарған. 2020 жылы ипотекалық кредит беру үлесінің ең жоғары өсімін Қарағанды облысы (+2,7%) көрсетті, содан кейін Шымкент қ. (+1,3%), Алматы және Қостанай облыстары (+0.4%), Қызылорда және Павлодар облыстары (+0,3) көрсетті.

Өңірлер бойынша «7-20-25» бағдарламасы және «Баспана хит» НИӨ бағдарламасы шеңберінде берілген қарыздардың көлемі

| П/н | Өңір | 2019 жыл | | 2020 жыл | | Өсуі/төмендеуі, % | |
|-----|----------------------------|------------------------|---------------|------------------------|---------------|-------------------|---------|
| | | Беру көлемі, млн теңге | Үлес, % | Беру көлемі, млн теңге | Үлес, % | Беру көлемі | Үлестер |
| 1. | Нұр-Сұлтан қ. | 80 167 | 33,3% | 114 649 | 32,8% | 43,0% | -0,5% |
| 2. | Алматы қ. | 46 588 | 19,3% | 62 525 | 17,9% | 34,2% | -1,4% |
| 3. | Шымкент қ. | 6 451 | 2,7% | 13 875 | 4,0% | 115,1% | 1,3% |
| 4. | Ақмола облысы | 8 173 | 3,4% | 10 547 | 3,0% | 29,0% | -0,4% |
| 5. | Ақтөбе облысы | 10 217 | 4,2% | 14 177 | 4,1% | 38,8% | -0,2% |
| 6. | Алматы облысы | 3 643 | 1,5% | 6 791 | 1,9% | 86,4% | 0,4% |
| 7. | Атырау облысы | 6 548 | 2,7% | 7 350 | 2,1% | 12,3% | -0,6% |
| 8. | Шығыс Қазақстан облысы | 18 224 | 7,6% | 23 629 | 6,8% | 29,7% | -0,8% |
| 9. | Жамбыл облысы | 4 238 | 1,8% | 5 907 | 1,7% | 39,4% | -0,1% |
| 10. | Батыс Қазақстан облысы | 8 059 | 3,3% | 10 828 | 3,1% | 34,4% | -0,2% |
| 11. | Қарағанды облысы | 16 021 | 6,6% | 32 610 | 9,3% | 103,5% | 2,7% |
| 12. | Қостанай облысы | 7 755 | 3,2% | 12 485 | 3,6% | 61,0% | 0,4% |
| 13. | Қызылорда облысы | 1 769 | 0,7% | 3 613 | 1,0% | 104,2% | 0,3% |
| 14. | Маңғыстау облысы | 8 065 | 3,3% | 10 994 | 3,1% | 36,3% | -0,2% |
| 15. | Павлодар облысы | 7 304 | 3,0% | 11 784 | 3,4% | 61,3% | 0,3% |
| 16. | Солтүстік Қазақстан облысы | 7 782 | 3,2% | 7 888 | 2,3% | 1,4% | -1,0% |
| 17. | Түркістан облысы | 9 | 0,0% | 26 | 0,0% | 191,6% | 0,0% |
| | ЖИЫНЫ | 241 012 | 100,0% | 349 680 | 100,0% | 45,1% | |

«7-20-25» бағдарламасы мен «Баспана хит» НИӨ операторы ретіндегі Қордың қызметі бағдарламаға қатысушы банктер берген ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу болып табылады, бұл екінші деңгейдегі банктердің әрі қарай халыққа кредит беруі үшін кредиттік ресурстарды қайтаруға мүмкіндік береді.

2020 жылы Қор аталған бағдарламалар шеңберінде қатысушы банктер берген 32 763 ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша 326 768 млн теңге сомасына талап ету құқықтарын сатып алды, оның ішінде «7-20-25» бағдарламасы бойынша 112 264 млн теңге сомасына 9 513 қарыз, «Баспана хит» бағдарламасы бойынша 214 504 млн теңге сомасына 23 250 қарыз сатып алынды.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың ипотекалық портфелі 538 149 млн теңгені немесе екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық тұрғын қарыздарының жиынтық портфелінің 22,1%-ын құрайды.

Қордың ипотекалық портфелінің талдамасына сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша сатып алынатын тұрғын үйдің орташа құны 13,5 млн теңге, орташа ауданы 60,5 ш.м. болды. 2020 жылы кредиттің орташа сомасы 9,8 млн теңгені құрады. Портфель бойынша қарыз алушының орташа табысы 303 мың теңге болған кезде ай сайынғы төлемнің орташа мөлшері 109,5 мың теңге болды. Осылайша, Қор операторы болып табылатын ипотекалық бағдарламалар шеңберінде алынған қарызды өтеуге қарыз алушы ай сайынғы табысынан 36,1% жұмсайды.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясы және мұнай мен пайдалы қазбалардың әлемдік бағасының құлдырауы ұлттық экономиканың көптеген салалары белсенділігінің айтарлықтай төмендеуін тудырғаны белгілі. Халықтың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылғы наурызда Қазақстанның бүкіл аумағында төтенше жағдай енгізілді. 2020 жыл ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі уақытша тоқтатылды және/немесе шектелді, бұл кірістерді қысқарту/жоғалту нәтижесінде қарыз алушылардың төлем қабілеттілігіне теріс әсер етті.

Төтенше жағдай кезеңінде қиын жағдайға ұшыраған қарыз алушыларға қолдау көрсету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №41

қаулысымен «7-20-25» бағдарламасы төтенше жағдай енгізілген кезде міндеттемелерді орындаудың ерекше талаптарымен толықтырылды, олар бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының төлемдері бойынша айыппұлды және (немесе) өсімпұлды есептеусіз күнтізбелік 90 (тоқсан) күнге дейінгі мерзімге кейінге қалдыру мүмкіндігін беру көзделді.

2020 жылғы сәуірде Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен «Баспана хит» НИӨ талаптарына тиісті толықтыру енгізілді, ол «7-20-25» бағдарламасында белгіленген талаптарға ұқсас төтенше жағдай енгізілген кезде міндеттемелерді орындаудың ерекше талаптарының жүзеге асырылуын көздейді («Баспана хит» НИӨ талаптары жаңа редакцияда бекітілді).

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдай болған кезеңде халыққа және кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету шеңберінде Қор «7-20-25» бағдарламасы мен «Баспана хит» НИӨ бағдарламасына қатысушы банктермен бірлесіп, мынадай тәсілдермен негізгі борыштың және (немесе) сыйақының төлемдері бойынша кейінге қалдыру мүмкіндігін беру тетігін әзірледі:

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша кейінге қалдырылған төлемдерді қарыздың барлық мерзіміне бөлу;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша кейінге қалдырылған төлемдерді қарыз мерзімін ұзартпай қарыз мерзімінің соңғы 3-6 айына бөлу;
- қарыз мерзімін төлемдерді кейінге қалдырылған кезеңнен аспайтын мерзімге ұзарту;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша кейінге қалдырылған төлемдерді кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін біржолғы төлеммен төлеу.

Қор қысқа мерзім ішінде ақпараттық жүйенің функционалын төлем мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігін беру бөлігінде пысықтады, сондай-ақ Қордың реттеуші ішкі құжаттарына тиісті өзгерістер енгізілді.

Қор «7-20-25» бағдарламасы мен «Баспана хит» НИӨ бағдарламасына қатысушы банктермен бірлесіп, 6 861 қарыз алушыға 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 15 маусымға дейін күнтізбелік 90 күнге дейінгі мерзімге төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігін берді. Кейінге қалдырылған төлемдердің жалпы сомасы 1 330,8 млн теңге болды.

Бұған қосымша «Баспана хит» НИӨ шеңберіндегі 875 қарыз бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесін жылдық 13,75%-дан жылдық 11,25%-ға дейін төмендету арқылы жақсарту талаптары берілді.

2020 жылғы 16 наурыздан бастап 15 маусымға дейін карантин шараларына және төлемдерді кейінге қалдыруға байланысты шамалы нашарлауы байқалған, сатып алынған несие портфелінің сапасы экономика субъектілерінің қызметін қайта бастауы және еңбек нарығындағы жағдайдың тұрақтануы нәтижесінде біртіндеп қалпына келді. Егер 2020 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша күнтізбелік 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлесі 1,8% (немесе 6,6 млрд теңге) болса, 2021 жылғы 1 қаңтарда 0,002%-ға (12 млн теңгеге) дейін төмендеді.

2. Экономиканың басым жобаларын дамытуды қаржылық қолдау бағдарламаларын іске асыру

ҚР Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауына сәйкес қызметін өңдеу кәсіпорнында және агроөнеркәсіп кешенінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін басымдық берілген жобаларды 1 трлн теңге сомасына дейін, өтеу мерзімі 10 жылға дейін, жиынтық кірістілік мөлшерлемесі жылдық 11%-ға дейін кредит беру тетігі әзірленді. 2020 жылы Қор «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасына қатысуын жалғастырды.

Жалпы алғанда, Басымдық берілген жобаларға кредит беру тетігі бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 699,1 млрд теңге сомасына 923 жоба мақұлданды.

2020 жылғы Жылдық есеп

3. **Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасын іске асыру**

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы №141 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ҚР Ұлттық Банкінің арасындағы 2019 жылға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісімде көзделген экономиканы дамытуды қаржылық қолдау шараларын іске асыру мақсатында ҚР Ұлттық Банкі 2019 жылы Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасын әзірледі.

Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы шеңберінде қарыз алушыларға автокредит берудің негізгі талаптары мыналар болып табылады:

- номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 4,0%-дан аспайды;
- автокредит беру мерзімі – 7 жылдан аспайды;
- қарыз валютасы – теңге;
- сатып алынатын автокөліктің ең жоғары құны - 15 млн теңгеден аспайды.

Автокөлік сатып алушыларға кредит беру бағдарламасында сондай-ақ револьверлік тетік қарастырылған: қолданыстағы автокредиттерді өтеуден түскен төлемдер жаңа қарыздар беруге бағытталады.

Осының арқасында жалпы Бағдарлама бойынша қазақстандықтар 2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 132,4 млрд теңгеге жеңілдікті талаптармен отандық өндірістің 26 449 автомобилін сатып алды.

Қор бөлінген қаражат шеңберінде револьверлік кредит беру арқылы Автокөлікті сатып алушыларға кредит беру бағдарламасын іске асыруға қатысуын жалғастырады.

4. **«Коронавируспен байланысты жағдай және дағдарысқа қарсы шаралар туралы» 2020 жылғы 23 наурызда өткізілген отырыс шеңберінде дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру**

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев «Коронавируспен байланысты жағдай және дағдарысқа қарсы шаралар туралы» 2020 жылғы 23 наурызда өткен отырыс шеңберінде берген тапсырмасы шеңберінде 700 млрд теңге бөлінді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша 657,8 млрд теңгеге жобалар іске асырылды, оған 200 мың жұмыс орны тартылды.

5. **Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын іске асыру**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы №286 Жарлықтарына сәйкес ҚР Ұлттық Банкінің Басқармасы Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын бекітті.

Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы бойынша қаржыландырудың жалпы көлемі 800 млрд теңгені құрайды.

Нысаналы мақсаты – кәсіпкерлік субъектілерінің, оның ішінде агроөнеркәсіп кешенде өндіру және қайта өңдеу саласында қызметін жүзеге асыратын, төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік желілері шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға қаржыландыру.

Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар беру (қаржыландыру) жылдық 8% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 12 ай мерзіміне дейін жүзеге асырылады. Бір қарыз алушыға лимит: заңды тұлғалар - кәсіпкерлік субъектілері үшін 3 млрд теңгеден аспайды, жеке кәсіпкерлер үшін 50 млн теңгеден,

занды тұлғалар - ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін 6 млрд теңгеден аспайды. Айналым қаражатын толықтыруға кредит қарыз алушының банктік шотына аударылады және қарыз алушы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді, салықтарды және бюджетке басқа да төлемдерді, жалақыны қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлейді.

Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру шеңберінде 2020 жылы:

- 1 393 кәсіпкерлік субъектісінен жалпы сомасы 612,5 млрд теңгеге 2 493 жоба қаралды (15 ірі кәсіпкерлік субъектісін, 1 176 ШОБ субъектісін және 202 жеке кәсіпкерді қоса алғанда);
- кредит берудің жалпы көлемі 508,0 млрд теңге болды, оның ішінде 116,0 млрд теңге бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен;
- кәсіпкерлік субъектілерінің көмек көрсетілген қызметкерлерінің жалпы саны 76 627 адам болды.

6. «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде халықты баспанамен қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылдау үшін қаржыландыруды бөлу

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде халықты баспанамен қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылдау үшін қаржыландыруды бөлуге қатысты тапсырмасына сәйкес Қор мынадай транштармен 270 млрд теңге бөлді:

- «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде халықты баспанамен қамтамасыз ету үшін және жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарды кредиттік баспанамен қамтамасыз ету бойынша «Шаңырақ» («5-10-20») пилоттық жобасын іске қосу үшін 90 млрд теңге. Оның ішінде 2020 жылдың соңында 56,3 млрд теңге игерілді және 4 907 отбасы баспанамен қамтамасыз етілді;
- мемлекеттің халықты баспанамен қамтамасыз ету бойынша саясатын іске асыру шеңберінде жаңа тұрғын үй құрылысының мақсаттары үшін 180 млрд теңге. 2020 жылдың соңында 147,1 млрд теңге игерілді.

6.3. ТИІМДІ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ҚОРДЫ ҚҰРУ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қордың миссиясы – ҚР Ұлттық Банкінің стратегиялық міндеттері шеңберінде халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту және бизнестің дамуын қолдау. Дәл осы себепті корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік маңызды этикалық қағидат болып табылады және Қор қызметкерлерінің қызметті жүзеге асыруы және шешім қабылдауы процесінде елеулі рөл атқарады.

Тиісінше, Қор бос жұмыс орындарына үміткерлер үшін бірдей мүмкіндіктер береді, қызметкерлерге лайықты еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді, әрбір қызметкерге өз білімін қолдануға, дағдыларын дамытуға және біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ еңбек заңнамасы талаптарының сақталуын, оның ішінде шиеленісті жағдайларды шешу кезінде сақталуын қамтамасыз етеді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қызметкерлерінің нақты саны 100 адам болды:

Жынысты белгі бойынша:


- ер қызметкерлер 55 адам
- әйел қызметкерлер 45 адам

Қызметкерлердің орташа жасы - 36,4 жас:

- 30 жасқа дейін 22 қызметкер
- 30 – 49 жастағы 68 қызметкер
- 50 жасан жоғары 10 қызметкер

2020 жылы Қордың бос жұмыс орындарына 22 қызметкер қабылданды, 30 қызметкер жұмыстан босатылды, бұған «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ны қосу жолымен Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастырудан кейін қызметкерлердің санын оңтайландыру негіз болды. Бала күтіміне байланысты ол 3 жасқа толғанға дейін еңбекақы сақталмайтын демалысты ресімдеген қызметкерлердің саны 2 адам: ерлер - 0, әйелдер - 2 болды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда мынадай ұйымдық құрылым жұмыс істеді:



Қордың қызметкеріне лауазымдық жалақының мөлшері жүктелген лауазымдық міндеттерге, жауапкершілік, біліктілік және қажетті білімі деңгейіне қарай белгіленеді.

Қор қызметкерлеріне еңбекақы төлеу лауазымды жалақыны, қызметкерлер қызметінің тиімділігін ынталандыруға арналған сыйақы болып табылатын сыйлықақыларды, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген қосымша ақыны қамтиды.

Қор қызметкерлерін әлеуметтік қамтамасыз ету қаржылай көмекті – Қордың актілерінде әлеуметтік қорғау шаралары ретінде белгіленген төлемдер мен әлеуметтік демалыстарды көздейді.

Бұл талаптар барлық қызметкерлерге қолданылады.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша қызметкер (қызметкерлер) мен жұмыс берушінің арасында ықтимал келіспеушіліктерді шешу үшін Қорда келісу комиссиясы жұмыс істейді, ол Қордан және қызметкерлердің қатарынан өкілдердің бірдей санынан құрылған. Қызметкерлердің тарапынан еңбек құқықтарының бұзылуы туралы шағымдар (өтініштер) тіркелген жоқ.

2020 жылғы наурызда ҚР аумағында төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты Қордың барлық қызметкерлері қысқа уақытта қашықтан жұмыс істеу режиміне ауысуға мәжбүр болды. Қор бөлімшелерінің үйлескен жұмысының нәтижесінде бұл ауысу іркіліссіз, тұрып қалусыз және қаржылық шығынсыз жүргізілді.

Қашықтан жұмыс істеу кезінде ұжымымыздың бірлігін қолдау және Қор алдындағы міндеттерді орындау бойынша тиімді жұмыс деңгейін сақтау үшін «ҚОҚ People» ішкі журналы іске қосылды, онда Қордың қызметкерлерімен жүргізілген олардың Қордың дамуына қосқан үлесі, қол жеткізген жетістіктері, хоббиі, өмірлік құндылықтары мен ұстанымдары туралы сұхбаттар жарияланды.

Қор қызметкерлерінің біліктілігі деңгейін арттыру үшін мынадай шаралар ұйымдастырылды:

- қызметкерлердің жүктелген міндеттерді тиімді орындауы үшін қажетті негізгі біліктіліктерін дамытуға бағытталған ішкі оқыту, «ҚОҚ Білім» онлайн-вебинарлар, оның шеңберінде қызметкерлер әріптестерімен өз тәжірибесімен және білімімен бөлісті;
- біліктілікті арттыруға және кәсіби білімдерін жетілдіруге бағытталған сыртқы оқыту;
- ішкі электрондық кітапхана, онда Қор қызметкерлерінің ұсынымдары бойынша экономика, бизнес, жеке бас тиімділігін арттыру бағытындағы қызықты, пайдалы әдебиет орналастырылды.

Қордың басшы қызметкерлерін дамыту мақсатында басқарушылық құзыреттерінің даму деңгейін бағалау жүргізілді, оның нәтижесінде бір жылға арналған жеке даму жоспарлары жасалды. Негізгі басшы лауазымдарды толтыру үшін Қор ішінде әлеуеті елеулі қызметкерлерді анықтауға және дамытуға бағытталған сабақтастық бағдарламасы қосымша іске қосылды.

ІСКЕРЛІК ЭТИКА

Қордың корпоративтік этика кодексі корпоративтік мәдениетті қолдауға және тәрбиелеуге, Қордың барлық қызметкерлері өз қызметінде стратегиялық маңызды шешімдерді қабылдауы кезінде, сондай-ақ күнделікті жағдайда да басшылыққа алатын негізгі құндылықтарды, қағидаттарды және қағидаларды бекітуге бағытталған.

Қор қызметкерлерінің бірыңғай көзқарасы мен іс-әрекеттерін қалыптастыратын корпоративтік құндылықтар корпоративтік мәдениеттің негізі болып табылады.

Қордың корпоративтік құндылықтары:

- Біліктілік пен кәсібилік — өз мамандығын терең білу, қойылған міндеттерді уақтылы және сапалы орындау, кәсіби білімі мен шеберлігін үнемі жетілдіріп отыру;
- Бастамашылдық – жұмыс процесін оңтайландыруда қызметкерлердің белсенделігі мен дербестігі;
- Бір-бірін құрметтеу — жұмыста командалық рух, сенімділік, қойылған міндеттерді шешу барысында ынтымақтастық пен тілектестік;

- Диалогқа ашық болу — ашық және адал ақпарат алмасу, бірлесе отырып оңтайлы шешім табуға дайын болу;
- Ұқыптылық — Қордың активтері мен ресурстарын пайдалануға, өзінің жұмыс уақытына және басқа қызметкерлердің жұмыс уақытына жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қарау;
- Бедел — Қор туралы жағымды пікір қалыптастыруға бағытталған тәсілдер мен стратегияларды пайдалану.

Қордың қызметкерлері корпоративтік этиканың мынадай негізгі нормаларын ұстанады:

- Қордың мүдделерін білдіру және қорғау, Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге өзінің еңбек үлесін қосу, өз жұмысының сапасы мен нәтижелеріне дербес жауапкершілік атқару;
- кәсіби функцияларын шиеленістерді болдырмай, Қордың және Жалғыз акционердің мүдделерінде іс-әрекет жасай отырып, мүдделілікті және қызмет бабын жеке мүдделерінде пайдаланбай, адал орындау;
- сыпайы және әдепті болу, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес трайбализм көріністеріне және қандай да болмасын кемсітушілікке жол бермей, әріптестердің және басқа адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- Қорға қатысты мәмілелерге, шарттарға, жобаларға немесе өзге де мәселелерге байланысты кез келген жеке коммерциялық немесе басқа да мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы белгіленген тәртіппен дереу Қор басшысына хабарлау;
- заңнаманың және Қордың ішкі құжаттарының талаптарында көзделген құпиялылық нормаларын сақтай отырып, бір-біріне шынайы ақпаратты уақтылы беру.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қордың тәуекел-менеджменті саласындағы басқару жүйесі Қор қызметінің сипаты мен ауқымына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ одан әрі дамудың қажеттіліктеріне жауап беретін біртұтас жүйені қалыптастыруға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жүйесінің стратегиялық мақсаттары тәуекелдерді уақтылы анықтауға, барлық факторларды сапалы бағалауға және ықтимал әсерін барынша төмендету мақсатында кешенді ден қоюға негізделеді.

Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Тәуекелдерді басқару саясаты әзірленіп, Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 23 қазандағы №17 шешімімен бекітілді. Қорда тәуекелдерді басқару тұрақты үзіліссіз процес болып табылады және барлық деңгейде Қордың алқалы уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелерін және қызметкерлерін тарту арқылы жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін құрған кезде Қор 3 қорғау желісін көздейді:

- 1) 1-желі – жауапкершілігіне Қордың тәуекелдерінің туындауына және іске асырылуына апаратын бұзушылықтар (кемшіліктер, оқиғалар, мәмілелер) туралы ақпаратты уақтылы анықтау және екінші қорғау желісіне жеткізу кіретін Қордың барлық қызметкерлері және бөлімшелері. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары құзыреті шеңберінде бөлімшеде тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, оның ішінде анықталған бұзушылықтарды және кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралардың жүзеге асырылуы үшін жауапкершілікте болады;
- 2) 2-желі – тәуекелдер бөлімшесі функционалдық жауапкершілігі шеңберінде іске асырылған және әлеуетті тәуекелдерді бағалауға, мониторингін жүргізуге, барынша төмендетуге жауапты болады. Заң бөлімшесі Қордың құқықтық тәуекелдерін басқару үшін жауапкершілікте болады;
- 3) 3-желі – тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалайтын ішкі бақылау бөлімшесі.

1. Пайыздық тәуекел және өтімділік тәуекелі

Қордың орналастырылған активтері бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген және Мемлекеттік бағдарламалармен регламенттелген. Қордың пайыздық міндеттемелері меншікті орналастырылған облигацияларымен көрсетілген, олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін Қазақстан қор биржасы орналастыру сәтінде белгілейді.

Өтімділік тәуекелі теңгерімделмеген өтімділік тәуекелі, жеткіліксіз немесе артық өтімділік тәуекелі ретінде белгіленген. Өтімділік тәуекелін басқару тәуекел деңгейін бақылау және шектеу болып табылады. Өтімділік тәуекелінің деңгейін бақылау және шектеу мынадай құралдарды пайдаланумен жүзеге асырылады:

- өтімділік резервтерінің лимиттерін белгілеу және бақылау;
- өтімділіктің ішкі нормативтерін (коэффициенттерін) белгілеу және бақылау;
- бірнеше бақылау уақыт аралықтарының коэффициенттерін белгілеу;
- өтімділік тапшылығын болжамдауды әзірлеу және сақтау.

Өтімділікті тиімді басқару арқасында Қор бұл тәуекелге ұшырамайды Қор тұрақты негізде ГЭП талдау жүргізеді. Кумулятивтік ГЭП үзілістері жоқ. Өтімділікті өтеу коэффициенті (Liquidity coverage ratio, LCR) 2020 жылдың соңында 1,16, таза тұрақты қаржыландыру көрсеткіші (Net Stable Funding Ratio, NSFR) – 2,64 (норматив 1,00 кем емес болған кезде) болды.

2. Кредиттік тәуекелдер

Кредиттік тәуекел ең жоғары күтілетін шығынды білдіреді, ол активтің құнының төмендеуі нәтижесінде, оның ішінде кредит бойынша қамтамасыз етуді сатудан түскен ақша ағындарын бағалауды есептегенде, біраз уақыт кезеңі ішінде белгілі ықтималдығымен орын алуы мүмкін.

Қор ай сайынғы негізде провизияларды барабар қалыптастыру үшін кредиттік тәуекелге ұшырағыштық деңгейі бойынша активтерді реттейді. Кредиттік тәуекел деңгейіне мониторинг жүргізудің тұрақты мәні Қордың қарсы агенттерінің кредиттік рейтингтері мен төлем жүргізу тәртібі болып табылады. Сатып алынған талып ету құқықтары бойынша NPL орташа деңгейі 2020 жылы 0,24%-ды құрады. Қордың мерзімі өткен портфелінің коэффициенті 1,45% болды. Қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек жоқ.

Сатып алынған талап ету құқықтары бойынша провизиялардың орташа жылдық деңгейі 2020 жылы 0,25%, қаржылық инвестициялар бойынша 18,73% болды.

3. Операциялық тәуекелдер

Операциялық тәуекел Қордың барабар емес немесе қате ішкі процестерінен, қызметкерлерінің және бөлімшелерінің іс-әрекеттерінен немесе сыртқы оқиғалардан болған тікелей немесе жанама шығындар тәуекелі ретінде анықталады. Операциялық тәуекелдерді тиімді басқару үшін Қор Басқармасының 2020 жылғы 26 қарашадағы №46 шешімімен Операциялық тәуекелдерді басқару қағидалары бекітілді.

Операциялық тәуекелдерді басқару, анықтау және өлшеу, сондай-ақ оны бағалау үшін мынадай негізгі құралдар пайдаланылады:

- 1) ОТ картасы (дерекқор (Loss database));
- 2) операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын қолдану (ОТНИ (Key Indicators of Operational Risk));
- 3) тәуекелдер тіркелімі.

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін және ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару

Қорда ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құрудың басты мақсаты болдырмау немесе салдарын барынша азайту арқылы ақпарат қауіпсіздігіне қауіп төндіретін оқиғалардан болатын зиянды барынша азайту болып табылады.

Қордың ақпараттық жүйелеріне қатысты тәуекелдерге Қор қызметінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық қамтамасыз етудің, технологиялардың және жабдықтың инфрақұрылымы элементтерінің жұмыс істемей қалуы немесе іркілу тәуекелдері кіреді. Қордың ақпараттық жүйелері және онымен байланысты процестер Қордың, оның клиенттерінің

және қарсы агенттерінің деректерінің тұтастығын, қолжетімділігін, дәйектілігі мен құпиялылығын қамтамасыз етеді.

4. Қызметтің үздіксіздігін басқару

Қор қызметінің үздіксіздігін басқарудың басты мақсаты төтенше оқиғалардың туындауы нәтижесінде бизнес-процестердің тоқтап қалуы оқиғаларынан туындайтын жағымсыз операциялық, қаржылық, құқықтық, беделдік және басқа да салдарларын барынша азайту болып табылады. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесіне Қордың сыни бизнес-процестерінің дұрыс жұмыс істеуі бұзылған жағдайда, қызметті қалпына келтіруді және жалғастыруды басқару, сондай-ақ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесін өзекті жағдайда ұстап тұру мақсатында оқыту, тестілеулер, талдау және жақсартулар жүргізу арқылы қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процестерін басқару кіреді.

Ішкі бақылау

Ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі - ІБЖ) – күнделікті қызметке ендірілген, Қордың Директорлар кеңесі, алқалы органдары, құрылымдық бөлімшелері және барлық қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде жүзеге асыратын процесс.

ІБЖ негізгі компоненттері:

- 1) Бақылау ортасы – бүкіл Қор бойынша ішкі бақылауларды жүзеге асыру үшін базаны қамтамасыз ететін процестер кешені;
- 2) Тәуекелдерді бағалау – бұл Қордың мақсатына жетуге кедергі жасайтын тәуекелдерді анықтаудың, сәйкестендірудің және бағалаудың серпінді үздіксіз процесі.
- 3) Бақылау іс-әрекеттері – процестерге ендірілген, Қордың мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін деңгейге дейін тәуекелдерді төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешені;
- 4) Ақпарат және коммуникациялар – бұл Қордың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті ақпаратты жинаудың, алмастырудың, ұсынудың үздіксіз процесі;
- 5) Мониторинг – бұл үздіксіз, процестерге ендірілген немесе жеке ІБЖ компоненттерінің болуын немесе жұмыс істеуін бағалау.

Тиімді ішкі бақылау тиісті бақылау ортасын құру арқылы қамтамасыз етіледі, барлық бес компонент болған және жұмыс істеген кезде ІБЖ тиімді болып табылады.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ҚР Президентінің экономиканы цифрландыру және озық технологияларды ендіру бөлігіндегі тапсырмасы шеңберінде Қор тұрақты негізде ішкі процестерді автоматтандыру және өз қызметінде ақпараттық қауіпсіздікті арттыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

«Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ Қорға қосылғаннан кейін 2020 жылы ақпараттық технологиялар бөлімшесі екі ұйымды ұйымдық біріктіру бойынша пайдаланылатын аппараттық және бағдарламалық кешеннің жұмыс істеу қабілеттілігін қамтамасыз ету және бүкіл желілік, серверлік инфрақұрылымын бірыңғай телекоммуникациялық және бағдарламалық ортаға біріктіру бөлігінде ілеспе қызмет көрсету бойынша міндеттерді жүзеге асырды.

COVID-19 коронавирусы пандемиясының таралуына байланысты Қазақстанда енгізілген төтенше жағдай кезеңінде Қор қысқа мерзімде Қордың барлық қызметкерлерінің қашықтан жұмыс істеуі үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды және аппараттық теңшеуді ұйымдастыру бойынша техникалық жұмыстарды жүргізді. Қашықтан жұмыс істеу режиміндегі қызметкерлерді қашықтан қосу кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шаралар (VNP арнасын ұйымдастыру) қабылданды.

Сондай-ақ Қор қысқа мерзім ішінде есептік жүйеде мерзімі өткен төлемдерді есепке алуды және өңдеуді автоматтандыру бойынша, қарыз алушылардың кредиттері бойынша, төтенше жағдайды енгізу төлем қабілеттілігіне теріс әсерін тигізген кредиттері бойынша функционалды іске асырды.

2020 жылы Қордың бизнес-процестерінің реинженирингі бойынша іс-шаралар шеңберінде есептік жүйеде Қор «Баспана хит» НИӨ жаңа опциясы бойынша функционалды іске асырды, сондай-ақ 9 ХҚЕС әдіснамасы бойынша провизияларды есептеу жүйесін жүргізу бойынша платформаны іске қосты.

БЕДЕЛДІК ЖӘНЕ МАРКЕТИНГТІК САЯСАТ

Қор өзін Қазақстан Республикасының экономикасына жәрдем ететін ашық және транспарентті қаржы институты ретінде көрсетеді. Халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесіне сәйкес, беделін нығайту мақсатында Қор өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді. Азаматтардың Қордың қызметі туралы Қазақстан Республикасының ішінде де, оның аумағынан тыс жерде де хабардар болуының жоғары деңгейі Қордың жағымды беделін қалыптастыруға және жұртшылық тарапынан сенімнің нығаюына себепші болады.

2020 жылы Қор тұрақты негізде барлық мүдделі тараптарға, оның ішінде халыққа, жұртшылыққа, сараптамашы қауымға баспасөз релиздерін, ақпараттық хабарламаларды, есептерді, БАҚ сұратуларына жауаптарды, азаматтардың өтініштері бойынша түсіндірмелерді www.kfu.kz ресми интернет ресурсында, Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, call-орталық арқылы жариялау жолымен жедел және толық ақпаратты ұсынып отырды. Қор өкілдерінің түсіндірмелері электрондық және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды, теледидар және радио эфирлерінде айтылды.

Қордың маркетингтік стратегиясы іске асырылатын бағдарламаларды тарату үшін нысаналы аудиториялармен өзара нүктелі әрекеттесуге бағытталған. Қор өзі үшін басым нысаналы топтарды анықтайды, әрқайсысына жеке Қордың бағдарламаларын жеткізу үшін маркетингтік іс-шаралар өткізеді.

2020 жылы Қор нысаналы топтар арасында «7-20-25» бағдарламасын және «Баспана хит» НИӨ ілгерілету және әлеуетті клиенттерді қатысушы банктерге жіберу мақсатында интернет желісіндегі таргеттелген хабарламалар арқылы маркетингтік іс-шаралар өткізді.

Ашықтықты қамтамасыз ету, жұртшылықтың сенімділігін арттыру және іске асырылатын бағдарламаларды ілгерілету мақсатында Қор коммуникативтік және маркетингтік саясаттың жоғары стандарттарын одан әрі дамытады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ

Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін мынадай құжаттар әзірленіп бекітілді:

1. Қордың корпоративтік этика кодексі, онда Қордың негізгі корпоративтік құндылықтары – біліктілік пен кәсіпқойлық, бастамашылдық, бір-бірін құрметтеу, диалогқа ашықтық, ұқыптылық пен имидж, сондай-ақ мүдделер қайшылығын басқару рәсімдері және оларды болдырмау қағидаттары бекітілген;

2. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар шеңберінде Қордың корпоративтік интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық мәселелері бойынша және Қор қызметкерлерінің немесе лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері фактілері бойынша жедел желі ұйымдастырылған.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК


Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде экологиялық жағдайға елеулі әсер келтірмейді, әйтсе де Қор қандай да бір ықпал етуі мүмкін салаларда қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шараларды орындау үшін барынша күш салады.

Қор өз қызметінің әуе кеңістігіне, су ортасына және жерге жағымсыз салдарын төмендету бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізеді және мүмкіндіктер мен экономикалық орындылығы болған кезде ресурстарды үнемдеп пайдалануға тырысады.

Мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- адам мен қоршаған орта үшін қауіпсіз жою мүмкіндігі болған кезде энергия үнемдейтін жабдықты, лампаларды және басқа да шешімдерді пайдалану;
- сертификатталған («жасыл») жабдықты ғана пайдалану қағидатын ұстану;
- принтерлерге және көшіру-көбейту машиналарына арналған картридждерді толтыруды пайдалану (жаңа картридждерді пайдаланудың орнына) не оларды келесі толтыру мақсатында өткізу;
- сертификатталған қағазды (мысалы FSC) және TCF (хлорсыз ағарту) және ECF технологиясы бойынша хлорды пайдаланбай жасалған қағазды пайдалану;
- офистерде сертификатталған, қоршаған ортаға ең аз зиян келтіретін кондиционерлерді ғана орнату;
- жанармайды үнемдеп пайдалануды және атмосфераға зиянды шығарындылардың төмен деңгейін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсері аз көлікті пайдалану;
- Қорға тиесілі барлық көлік құралдарын тиісті және уақтылы техникалық тексеруден өткізу, сондай-ақ жалға алынған көліктің экологиялық нормаларының сақталуын тексеру;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды басқару және төтенше жағдайлардың жағымсыз салдарын болдырмау бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеу және дайындау.

Басты мақсаттар



VII. 2021 жылғы басты мақсаттар

Қор 2021 жылы алдына мынадай негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу міндетін қояды (бағдарламаның басынан бастап үдемелі өсу нәтижесімен), млрд теңгемен:

| № | КӨРСЕТКІШТЕР | ЖОСПАР | 2021 ЖЫЛ | ДИНАМИКА |
|--|--|--------|----------|----------|
| Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету | | | | |
| 1 | Бағалы қағаздар нарығы | | 1 285 | +404 |
| 2 | Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасы, борыштық жүктемені төмендету бойынша шаралар | | 277 | +30 |
| Нарықтық талаптарда экономиканы дамыту бойынша қаржылық қолдау шараларын іске асыру | | | | |
| 3 | «7-20-25» бағдарламасы бойынша (оның ішінде «Баспана хит» НИӨ бойынша) ЕДБ берген ипотекалық тұрғын үй қарыздарының көлемі | | 1 000 | +368 |
| 4 | «7-20-25» бағдарламасы бойынша (оның ішінде «Баспана хит» НИӨ бойынша) ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу | | 990 | +403 |
| 5 | Тұрғын үй-коммуналдық дамудың "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасын қаржыландыру | | 390 | +120 |
| 6 | Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы (Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы) | | 779 | +31 |
| 7 | «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасын қаржыландыру | | 900 | +200 |

Корпоративтік басқару



VIII. Корпоративтік басқару

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН СИПАТТАУ

Қор өзінің корпоративтік басқару жүйесін Қор қызметінің тиімділігін арттыру, ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту құралы ретінде, сондай-ақ заманауи экономикада және жалпы қоғамдағы өзінің орнын айқындайтын фактор ретінде іске асырады.

Қордың корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы оның табысты дамуына, қаржылық тұрақтылықты және пайдалылықты қолдауға ықпал етеді, сондай-ақ корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз етеді.

Қордың ұйымдық құрылымы мынадай органдардан тұрады:

- Жоғарғы орган: Жалғыз акционер;
- Басқару органы: Директорлар кеңесі;
- Директорлар кеңесінің Консультациялық-кеңесші органдары:
Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы мәселелерін, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитет;
Аудиторлық комитет.
- Атқару органы: Басқарма;
- Ішкі аудит қызметі.

Қор органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың Жарғысымен және Қордың ішкі құжаттарымен регламенттелген.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың Жалғыз акционері ҚР Ұлттық Банкі болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Қорды басқаруға Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру және Қордың Директорлар кеңесіндегі өкілдігі арқылы қатысады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар лауазымды адамы қабылдайды.

Жалғыз акционердің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2020 жылы Жалғыз акционер оның құзыретіне кіретін 25 мәселені қарады және олар бойынша шешімдер қабылдады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қордың қызметін жалпы басқаруды және Директорлар кеңесінің төрағасы басқаратын Басқарманың қызметін бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеде және Қордың Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тәртіппен қабылданады.

Директорлар кеңесінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2020 жылы Директорлар кеңесі 23 отырыс өткізді, оның ішінде қатысумен – 5, сырттай тәртіппен – 18. Барлығы 104 мәселе қаралып, шешімдер қабылданды, оның ішінде келесідей басты мәселелер қаралды: 2019 жыл үшін дивидендтерді төлеу; «Баспана хит» НИӨ бойынша сыйақы

мөлшерлемесін төмендету; құрылысы салынатын тұрғын үй сатып алуға жаңа өнімді бекіту; «Баспана хит» НИӨ бойынша кредит беру жоспарын ұлғайту; Қазақстандағы төтенше жағдай кезеңінде қарыздар бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігін беру; облигацияларды орналастыру және басқа да мәселелер.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыретіне Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау және алдын ала мақұлдау кіреді.

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі Қордың Корпоративтік басқару кодексінде және комитеттер туралы ережелерде реттелген.

Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 2 қазандағы №13 шешіміне сәйкес құрылды.

Директорлар кеңесі комитеттерінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2020 жылы Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 21 отырыс өткізді, онда 67 мәселе қаралды, қаралған басты мәселелердің қатарына мыналар кірді: 2019 жыл үшін дивидендтерді төлеу; «Баспана хит» НИӨ бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету; құрылысы салынатын тұрғын үйді сатып алуға жаңа өнімді бекіту; «Баспана хит» НИӨ бойынша кредит беру жоспарларын ұлғайту; Қазақстандағы төтенше жағдай кезеңінде қарыздар бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігін беру; облигацияларды орналастыру және басқа да мәселелер.

Аудиторлық комитет 2020 жылы 13 отырыс өткізді, онда 33 мәселені қарады.

БАСҚАРМА

Басқарма Қордың ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады, оны Басқарманың төрағасы басқарады.

Басқарма Қор алдына қойылған міндеттемелерді іске асыру мақсатында, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында Қордың басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қызметтің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарманың шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

2020 жылы Басқарма 51 бетпе-бет отырыс өткізді. Барлығы 157 мәселе қаралып, шешімдер қабылданды.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қордағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесінің және корпоративтік басқару практикасының сенімділігі мен тиімділігін жүйелі түрде тәуелсіз бағалау мақсатында Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.

Ішкі аудит қызметі өз жұмысын Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған орта мерзімді және жылдық аудиторлық жоспарлардың негізінде жүзеге асырады.

Аудиторлық есептердің қорытындылары, негізгі анықтаулар мен тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

2020 жылы Ішкі аудит қызметі 6 тексеру жүргізді, олардың қорытындысы бойынша түзету іс-шараларының жоспарлары бекітілді.

2020 жылғы Жылдық есеп

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Корпоративтік басқару кодексі Қордың корпоративтік басқару саласындағы саясатын реттейтін негізгі ішкі құжат болып табылады.

Онда мынадай қағидаттар бекітілген:

- өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесінің және Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты;
- орнықты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;
- корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- Қордың қызметі туралы ақпараттың ашықтығы және оны ашудың объективтілігі қағидаты.

Қор Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтайды, бұл туралы қысқаша ақпарат:

1. Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты – сақталады

Қордың Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Басқармасының құқықтары, міндеттері және құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі және Басқармасы туралы ережелерде айқындалады.

Қорда оның органдары, лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің арасындағы өкілеттіктері мен жауапкершілігінің нақты аражігінің ажыратылуын ескере отырып, мәселелерді қарау және шешім қабылдау тәртібінің иерархиясы сақталады.

2. Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты – сақталады

Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Қорға инвестицияларды тарту үшін басты талап болып табылады. Қордағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауға және құрметтеуге негізделеді. Сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын және мүдделерін қорғау қағидатын сақтау ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпаратты ашу арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Қордың Директорлар кеңесінің және Басқармасының Қорды тиімді басқаруы қағидаты – сақталады

Корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қор Басқармасының 2020 жылғы 1 шілдедегі шешімімен (№25 хаттама) Қордың Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілді.

Жоспарда бес іс-шара көзделген, жауапты орындаушылар мен іс-шараларды орындау мерзімдері белгіленді.

2020 жылы Жоспар бойынша келесі төрт іс-шара орындалды:

- 1) Қор Басқармасының қарауына Корпоративтік басқару кодексін қайта қарау және оның жекелеген ережелерін Қор қызметіне қолдану мәселелері бойынша Заң басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Тәуекелдер мен талдау басқармасының бірлескен қорытындысы ұсынылды;

- 2) Таланттарды басқару процесі әзірленді. Қордың басты позицияларының тізімі және оның басты позицияларына мирасқорлар тізімі бекітілді;
- 3) Қор қызметкерлерінің тиімділігін бағалау қағидалары бекітілді;
- 4) Қордың 2020-2022 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасы бекітілді, онда 2020 жылға Қордың ҚНҚ айлар бойынша көрсетілген. Мәселен, Басқарма төрағасының және мүшелерінің ҚНҚ Қордың ҚНҚ мақсаттарына байланысты болады, Басқарма төрағасының және мүшелерінің жеке ҚНҚ қайта бекітілген жоқ.

Бір іс-шараның (Қордағы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізу) орындалуы Басқарманың шешімімен 2021 жылға ауыстырылды.

4. Орнықты даму қағидаты – сақталады

Қоғамдағы орнықты даму экономикалық, экологиялық және әлеуметтік сияқты үш құрамдас бөліктен тұрады.

Экономикалық құрамдас бөлігі Қоғамның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционердің және инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілген технологияларды құруға және дамытуға арналған инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Экологиялық құрамдас бөлігі биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша төмендетуді, шектелген ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материалдарды үнемдейтін технологияларды қолдануды, экологиялық тиімді өнім жасауды, қалдықтарды барынша азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік құрамдас бөлігі әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына негізделеді, оған басқалармен қатар қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін және денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету, әділ сыйақы беру және қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу, қызметкерлердің жеке дамуы, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, демеушілік пен қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу кіреді.

Қордың 2020-2022 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасына сәйкес Қордың тиімділігін және орнықты дамуын арттыру қойылған міндеттерді іске асыру жолымен жүзеге асырылады. Қордың барлық қызметкерлері мен лауазымды адамдары барлық деңгейде өз ұйымының орнықты дамуына өз үлестерін қосады.

5. Тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит – сақталады

Қордың тәуекелдерін басқаруға бірыңғай тәсілдерді әзірлеу, тәуекелдердің негізгі түрлерін және оларды басқару жүйелерін сипаттау мақсатында 2020 жылы Қордың тәуекелдерін басқару саясаты қабылданды.

Қорда тәуекелдерді басқару үздіксіз жүйелі процесс болып табылады және Қордың уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелерін және қызметкерлерін тарту арқылы барлық деңгейде жүзеге асырылады.

Тәуекелдер бойынша есептерді тоқсан сайынғы негізде Қордың Директорлар кеңесі қарайды және бекітеді.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі бекіткен жылдық тексерулер жоспары негізінде Қордың бизнес-процестерін тексереді.

6. Корпоративтік жанжалдар және мүдделер қақтығысын реттеу қағидасы – сақталады

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері, сондай-ақ Қор қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын жанжалдардан аулақ бола отырып, Жалғыз акционер мен Қордың мүдделерінде тиісті қамқорлықпен және сақтықпен адал және парасатты орындайды.

Қорда мынадай ішкі құжаттар қабылданған және қолданылады:

- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты;
- Қордың корпоративтік этика кодексі.

Есепті кезеңде Қорда корпоративтік жанжалдар және мүдделер қақтығысы тіркелген жоқ.

7. Қордың қызметі туралы ақпарат ашудың ашықтығы және объективтілігі қағидаттары – сақталады.

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау масқатында Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты уақтылы және шынайы ашады.

Қорда мынадай құжаттар қабылданды және қолданылады:

- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашуы қағидалары;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының қызметтік және коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.

Ақпарат Жалғыз акционерге мәлімет үшін жіберіледі, қаржылық есептілік депозитарийінің, Қазақстан қор биржасының және Қордың интернет-ресурсында ашылады.

2020 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2020 жылғы 28 қаңтарға дейін Қордың Директорлар кеңесінің құрамына мынадай адамдар кірді:

1. Кизатов О.Т. – Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы (Директорлар кеңесі отырысының 2017 жылғы 13 қазандағы №1 хаттамасы);
2. Мусиралиев Д.А. – Қор Басқармасының төрағасы;
3. Мусаева К.С. – тәуелсіз директор.

Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Жалғыз акционердің 2020 жылғы 28 қаңтардағы шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына мынадай мүшелер кірді:

1. Биртанов Е.А. – Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы (Директорлар кеңесі отырысының 2020 жылғы 31 қаңтардағы №1 хаттамасы);
2. Мусиралиев Д.А. – Қор Басқармасының төрағасы;
3. Мусаева К.С. – тәуелсіз директор.

Қорға «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ қосылғаннан кейін енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Жалғыз акционердің 2020 жылғы 4 ақпандағы №4 және 2020 жылғы 7 ақпандағы №5 шешімдеріне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына мынадай мүшелер кірді:

1. Биртанов Е.А. – Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. Оспанов Е.С. – Қор Басқармасының төрағасы;
3. Джованни К. – тәуелсіз директор.

Жалғыз акционердің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі №21 шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің жұмыс істейтін құрамы жаңа мерзімге қайта сайланды. Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі 3 (үш) мүшеден тұрды:

1. Биртанов Есжан Амантаевич, *1975 жылы туған

2019 жылғы наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары – ҚР Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы Тұрақты өкілдігінің басшысы болып табылады. Бұрын «Бәйтерек» холдингінің басқарушы директоры, «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Басқармасының төрағасы, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының төрағасы болды, ҚР Ұлттық Банінде әртүрлі қызметтер атқарды.

Оспанов Ерболат Серикович., *1967 жылы туған

Қор Басқармасының және Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ төрағасы болды. Әр кезде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ тәуелсіз директоры (CEO), Borgata Mayer Inc. компаниясында CEO, «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК-да директордың сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары, «Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» компаниясында Жергілікті қамтуды дамыту департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ Астана филиалы директорының орынбасары, «Алма-Трейддинг» ЖШС атқарушы директоры, «Қазақшетсақтандыру» ЖАҚ Басқармасының төрағасы, «Өнеркәсіптік сақтандыру тобы» ААҚ президенті және басқа да қызметтерді атқарды.

2. Джованни Капаннелли, *1962 жылы туған

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін 2002 жылдан бастап Азия Даму Банкіде (АДБ) әртүрлі қызметтерді атқарды. 1996 жылдан бастап көп жылдар бойы әлемнің ірі жоғары оқу орындарында оқытушылық қызметпен айналысты.

Директорлар кеңесінің хатшысы

2018 жылғы 24 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің хатшысы Қордың корпоративтік хатшысы А.А. Идилова болды (Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 қыркүйектегі №15 шешімімен бір рет қайта сайланды).

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2020 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат

2020 жылы Директорлар кеңесінің бетпе-бет және сырттай отырыстары өткізілді.

Көп жағдайда Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткен отырыстарына Директорлар кеңесінің барлық мүшелері қатысты. Директорлар кеңесінің төрағасы дәлелді себептер – еңбек демалысы және уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша екі бетпе-бет отырысқа (2020 жылғы 5 қарашада және 2020 жылғы 28 желтоқсанда) қатыспады. Сырттай дауыс беруге Директорлар кеңесінің барлық мүшелері қатысты. 2020 жылы Директорлар кеңесінің жабық отырыстары өткізілген жоқ.

Директорлар кеңесінің қабылданған шешімдері туралы акционерге хабарлау

Қор Жарғысының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің барлық шешімдері 2020 жылы Жалғыз акционердің назарына жеткізілді.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 2 қазандағы №13 шешімімен анықталды, оған 2020 жылғы 24 ақпанға дейін келесі тұлғалар кірді:

Комитеттердің төрағасы:

1. Мусаева К.С., Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры.

Комитеттердің мүшелері:

2. Киреева Г.У., Басқарма төрағасының орынбасары;
3. Кудайбергенов А.К., Қордың басқарушы директоры – бас бухгалтері.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 ақпандағы №2 шешіміне сәйкес комитеттердің жаңа құрамы сайланды, оған келесі тұлғалар кірді:

1. Джованни К. – Комитеттердің төрағасы;
2. Биртанов Е.А. – комитеттердің мүшесі;
3. Оспанов Е.С. – комитеттердің мүшесі.

2020 жылғы қыркүйекте Директорлар кеңесінің жаңа мерзімге қайта сайланғанына байланысты аталған комитеттердің құрамы да жаңа мерзімге қайта сайланды және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыс істеді.

Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы

2018 жылғы 23 қазаннан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы Қордың корпоративтік хатшысы А.А. Идилова болды.

Директорлар кеңесінің комитеттері мүшелерінің 2020 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат

Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, әлеуметтік мәселелер комитетінің отырыстары бетпе-бет нысанда өткізілді.

Көп жағдайда отырыстарға Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, әлеуметтік мәселелер комитетінің барлық мүшелері қатысты. Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, әлеуметтік мәселелер комитетінің мүшесі Биртанов Е.А. дәлелді себептер бойынша – еңбек демалысы және уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, әлеуметтік мәселелер комитетінің екі бетпе-бет отырысына (2020 жылғы 5 қарашада және 2020 жылғы 28 желтоқсанда) қатыспады.

Аудиторлық комитеттің отырыстары Аудиторлық комитеттің барлық мүшелерінің қатысуымен бетпе-бет нысанда өтті. Шешімдер Аудиторлық комитеттің барлық мүшелерінің мәселелерді алқалы және сараланған талқылауы негізінде қабылданды.

Комитеттердің қабылданған шешімдері тиісінше ресімделді, комитеттердің хатшысы оларды Қордың мүдделі адамдарына жеткізді.

ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2020 жылғы 4 ақпанға дейін Басқарманың құрамына келесі тұлғалар кірді:

- Мусиралиев Д.А. – Басқарма төрағасы;
- Киреева Г.У. – Басқарма төрағасының орынбасары;
- Кудайбергенов А.К. – Қордың бас бухгалтері.

Жалғыз акционердің 2020 жылғы 4 ақпандағы №4 шешіміне сәйкес енгізілген өзгерістерді ескерумен Басқарманың құрамына мынадай мүшелер кірді:

- Оспанов Е.С. – Басқарманың төрағасы;
- Абишев А.Б. – Басқарма төрағасының орынбасары;
- Усабаев А.К. – Қордың бас бухгалтері.

Жалғыз акционердің 2020 жылғы 17 ақпандағы №8 шешіміне сәйкес енгізілген өзгерістерді ескерумен Басқарманың құрамына мынадай мүшелер кірді:

- Бейсембиев А.К. – басқарушы директор;
- Суанкулова А.Н. – қаржы директоры.

Жалғыз акционердің 2020 жылғы 5 наурыздағы №11 шешіміне сәйкес Қордың бас бухгалтері – Басқарма мүшесі А.К.Усабаевтың өкілеттіктері тоқтатылды және Қор Басқармасының мүшесі болып Басқарма төрағасының орынбасары Р.Е. Кыдыков сайланды.

Жалғыз акционердің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі №20 шешіміне сәйкес Басқарманың жұмыс істейтін құрамы жаңа мерзімге қайта сайланды. Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарманың құрамы келесі 5 (бес) мүшеден тұрды:

Басқарма төрағасы:

Оспанов Ерболат Серикович.

Биографиясы «Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы құрамы және жұмысы туралы ақпарат» бөлімінде орналасқан.

Басқарма мүшелері:

Кыдыков Рустем Елтаевич, *1985 жылы туған

2020 жылғы маусымнан бастап Қордың Басқарма төрағасының орынбасары лауазымын атқарады. 2019-2020 жылдары «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы департаментінің директоры лауазымдарын атқарды. Бұрын «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті директорының орынбасары – Жоспарлау басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. Қаржы секторын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының медалімен наградталды.

Абишев Аскар Бауржанович, *1982 жылы туған

2020 жылғы ақпаннан бастап Қор Басқармасы төрағасының орынбасары лауазымын атқарды. Бұрын «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ басқарушы директоры лауазымын атқарды. Әр кезде «Қазақтелеком» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, «ВТБ Банк ЕҰ» АҚ (Қазақстан) және басқа да компанияларда басшылық қызметтерді атқарды.

Бейсембиев Александр Касымович, *1970 жылы туған

2020 жылғы наурыздан бастап Қордың басқарушы директоры болып табылады. 2008 жылдан бастап 2020 жылды қоса алғанға дейін «Lancaster Infrastructure» ЖШС инфрақұрылымдық жобаларды басқару жөніндегі бас директоры лауазымын атқарды. Әр кезде «Senko-Lancaster Silk Road Logistics» ЖШС президенті, «Lancaster Securities» АҚ Басқармасының төрағасы, сондай-ақ «Қазтрансойл» ҰМТК» ЖАҚ, «Дельта» ЖШС басшылық лауазымдарын атқарды.

Суанкулова Анар Нуржановна, *1983 жылы туған

2020 жылғы наурыздан бастап Қордың қаржы директоры болып табылады. Бұған дейін «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ басқарушы директоры лауазымын атқарды. Әр кезде «Capital Bank Kazakhstan» АҚ, «Swiss Capital» ЖШС, «Терралинк Технолоджис» ЖШС, «Эрнст энд Янг» халықаралық аудиторлық компаниясында басшылық лауазымдарды атқарды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ БАСҚАРМАНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы №7 шешімімен бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Қор Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға Жалғыз акционердің шешімімен белгіленетін мөлшерде сыйақы төлейді. Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төленбейді.

Басқарма төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымды жалақыларының мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Басқарма мүшелеріне бір жылдағы жұмысының қорытындысы бойынша сыйлықақы мөлшері (сыйлықақы коэффициенттері) Жалғыз акционермен келісім бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға және Басқарма мүшелеріне 2020 жылы төленген сыйақының жалпы көлемі 148 035 мың теңге болды.

Қаржылық есептілік

IX. 2020 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Бұл тарау төмендегілерден тұрады:

1. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі.
2. Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысы.
3. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың қаржылық есептілігі, ол мыналардан тұрады:
 - Қаржылық жағдай туралы есеп;
 - Пайда мен шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп;
 - Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
 - Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.

Осы тарау бойынша толық ақпарат Қордың интернет-ресурсында (<https://kfu.kz/index.php/ru/otchjotnost>) орналастырылған 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілікте және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысында баяндалған.

2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қордың басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайын шынайы көрсететін қаржылық есептілікті және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда мен зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті есептерді дайындау үшін, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі қағидаттарын және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес қаржылық есептілікке жасалған басқа да ескертпелерді ашу үшін жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Басшылық келесілер үшін жауапкершілікте болады:

- есептік саясат қағидаттарының дұрыс таңдалуы және қолданылуы;
- ақпарат беру, оның ішінде осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін есептік саясат туралы деректерді беру;
- ХҚЕС талаптарын орындау қандай да болмасын мәмілелердің, сондай-ақ басқа да оқиғалардың немесе талаптардың Қор қызметінің қаржылық нәтижелеріне және Қордың қаржылық жағдайына әсерін пайдаланушылардың түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашу;
- Қордың жақын болашақта қызметін жалғастыруға қабілетін бағалау.

Қордың басшылығы сондай-ақ мыналар үшін жауапкершілікте болады:

- Қорда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және қолдау;
- есепті Қордың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда жүргізу, сондай-ақ кез келген күнге Қордың қаржылық жағдайы туралы нақты ақпарат беру және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау;
- алаяқтық фактілерді және басқа да бұзушылықтарды анықтау және болдырмау.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл қаржылық есептілікті Қордың Басшылығы 2021 жылғы 1 наурызда бекітті.

Қор басшылығының атынан:

А.Б. Абишев мырза

А.К. Усабаев мырза

*Басқарма төрағасының
міндетін атқарушы*

Бас бухгалтер

2021 жылғы 1 наурыз

2021 жылғы 1 наурыз

Алматы қ., Қазақстан

Алматы қ., Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ акционеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз Қордың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы, пайда мен зиян және басқа да жиынтық кірісі туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерден тұратын 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілігінің, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелердің аудитін жүргіздік.

Біздің ойымызша, қоса берілетін қаржылық есептілік барлық маңызды жақтарынан 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайын шынайы көрсетеді, сондай-ақ оның 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысы Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес келеді.

Пікірді білдіруге негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз аталған стандарттарға сәйкес қорытындымыздың «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде ашып көрсетілген. Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттар жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне («Кодекс») сәйкес Қорға қатысты біз тәуелсізбіз және осы талаптар мен Кодекске сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біздің ойымызша, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті болып табылады.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – бұл біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес ағымдағы кезеңге жасалған қаржылық есептіліктің аудитіміз үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер жалпы қаржылық есептілікке аудит жүргізу барысында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды және бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Неге мәселені аудит үшін маңызды деп санаймыз? Аудит барысында не жасалды?

Амортизациялық құн бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген бағалы қағаздарды бағалау.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизациялық құн бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген («ПЗАӘҚ») қаржылық активтер тиісінше 1,186,249,813 мың теңге немесе 255,873,010 мың теңге болды, және көбінесе бұл қаржылық активтерге бірқатар қаржы мекемелері шығарған және Қор активтерінің айтарлықтай үлесін құрайтын борыштық бағалы қағаздар кіреді.

Оларға бағалауы ықтимал айла-шарғыға немесе қателерге ұшырауы мүмкін осындай құралдарға арналған қадағалау көздерінен дисконттау мөлшерлемелерін пайдалана отырып дисконтталған шарттық ақша ағындарына негізделген модельге байланысты болатын борыштық бағалы қағаздар жатады.

Қор тиісті ақпаратты пайдалану туралы пайымдауды көздейтін бағалау әдістерін қолданатындықтан, қолданылған дисконттау мөлшерлемелері және басқа да бастапқы деректер мен жорамалдар дұрыс емес, дефолт ықтималы (PD), дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD) сияқтылар амортизацияланған құны бойынша және ПЗАӘҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтерінің бағалауына және тиісінше Қордың нәтижелеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Қаржылық есептіліктегі бағалы қағаздар қалдығының және бағалы қағаздармен жасалған операциялар көлемінің маңыздылығын ескере отырып, дисконттау мөлшерлемелерінің және басқа да бастапқы деректердің және бағалы қағаздардың амортизацияланған және әділ құнының және күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді құруға шығыстарды қоса алғанда, тиісті кірістердің/шығыстардың айтарлықтай бұрмаланбауын тексеру аудиттің негізгі мәселесі болып табылады деп есептейміз. Басшылықтың субъективтілігі дәрежесі және пайымдауының деңгейі және бағалаудың маңызды ақпаратты көрсетпеуі тәуекелі

Біз басшылықтың бағалы қағаздармен мәмілелерді бекітуі және жасалуы процестерін және бақылау рәсімдерін түсінуді, сондай-ақ ПЗАӘҚ бойынша бағаланатын деп жіктелген бағалы қағаздардың әділ құнын бағалау бөлігінде, және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын деп жіктелген бағалы қағаздар үшін күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді бағалау бөлігінде түсінігімізді жаңарттық.

Біз бағалы қағаздардың әділ құнын бағалау барысында және күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді бағалау барысында басшылық тарапынан тиісті бақылаудың тиісінше жүргізілгенін анықтау үшін тиісті негізгі бақылауларды және олардың процеске енгізілуін тестілеуден өткіздік.

Бағалау бойынша мамандарымыздың көмегімен жорамалдардың және сыртқы көздерден қолжетімді деректермен дисконттау мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылған бастапқы деректердің негізділігін тексердік.

Амортизациялық құн бойынша және ПЗАӘҚ бойынша бағаланатын деп жіктелген бағалы қағаздардың таңдалған баланстары үшін дисконттау мөлшерлемелерін есептеуде пайдаланылған бастапқы деректердің дәлдігін, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді есептеуде пайдаланылған бастапқы деректердің дәлдігін оларды бастапқы құжаттармен салыстыру арқылы тексердік, және біз есепті күнге амортизацияланған және әділ құндарының математикалық дәлдігін тексердік.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын деп жіктелген бағалы қағаздардың таңдалған баланстары үшін біз PD және LGD бағалау модельдерінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен негізгі жорамалдардың күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді

амортизацияланған құн бойынша және ПЗАӘҚ бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық активтердің бағалауына әсер етеді деп санаймыз.

Қаржылық есептілікке 3 және 19-ескертпелерде есеп саясатының және осындай бағалы қағаздарға қатысты тәуекелдерді басқару саясатының сипаттамасы көрсетілген.

бағалауға әсерін тигізетін тиісті ақпаратты ескеретінін тексердік.

Біз қайта орындай отырып, тиісті бастапқы деректердің негізінде күтілетін кредиттік шығындар элементтерін есептеп, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық активтері үшін күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтердің математикалық дұрыстығын және есебін тексердік.

Бұған әзірленген модельдің және пайдаланылатын формулалардың сәйкестігін бағалау, модельдеу әдістерін қарау және PD, LGD және дефолт тәуекеліне ұшырағыш кредиттік талаптың мөлшерін анықтау кіреді. Біз ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептілікте амортизацияланған құн бойынша және ПЗАӘҚ бойынша бағаланатын деп жіктелген бағалы қағаздар бойынша ақпараттың ашылуының барабарлығын және толықтығын бағаладық.

Басқа да ақпарат – жылдық есеп

Басшылық басқа да ақпарат үшін жауапкершілікте болады. Басқа ақпарат жылдық есепте бар, бірақ қаржылық есептілік пен ол туралы аудиторлық қорытындымыз кірмейтін ақпаратты қамтиды. Жылдық есеп шамамен осы аудиторлық қорытындыны берген күннен кейін бізге ұсынылады.

Қаржылық есеп туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа жатпайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да болмасын нысанда сенімділікті көрсететін қорытындыны бермейміз.

Біздің қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуімізге байланысты міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратты, ол бізге ұсынылған кезде көрсету және басқа ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында алған біздің біліміміздің арасындағы айтарлықтай сәйкессіздіктердің болуы не болмауы туралы және басқа ақпаратта өзге де ықтимал бұрмаланулардың болуы не болмауы туралы мәселені қарау болып табылады.

Жылдық есеппен танысқан кезде онда басқа ақпараттың бұрмаланғаны туралы қорытынды жасасақ, біз бұл туралы корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға хабарлауға міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауап беретін адамдардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау және дәйекті етіп ұсынылуы үшін және басшылық жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған айтарлықтай бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікте болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет еткен жағдайда немесе онда таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа өзге балама амалы болмаған жағдайларды қоспағанда, басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда үздіксіз қызметіне қатысты мәліметтердің ашылғаны үшін, және қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептіліктің дайындалуы үшін

Жауапкершілікте болады. Корпоративтік басқаруға жауапты адамдар Қордың қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалау үшін жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған айтарлықтай бұрмаланудың болмауы туралы және біздің пікіріміз қамтылатын аудиторлық қорытындының шығарылуы туралы ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары деңгейін көрсетеді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудиттің айтарлықтай бұрмалануы болған кезде оны әрқашан анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесінде болуы мүмкін және, егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептіліктің негізінде қабылдайтын шешімдеріне әсер етуі мүмкін деген негізделген болжам болса, олар маңызды деп саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Оның үстіне біз мыналарды орындаймыз:

- жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесінде қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалануы тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдер бойынша аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; пікірімізді білдіру үшін негіздеме болу үшін жеткілікті және тиісінше болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жауапсыз іс-әрекеттердің нәтижесіндегі айтарлықтай бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателердің нәтижесіндегі айтарлықтай бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары болады, себебі жауапсыз іс-әрекеттерге ымыраласу, жалған жасау, қасақана көрсетпеу, ақпаратты бұрмалап көрсету немесе ішкі бақылау жүйесінен айналып өту әрекеттері кіруі мүмкін;
- аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінікті Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерін және тиісті ақпарат ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Қордың өзінің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне қатысты айтарлықтай күмән туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздіктің болуы не болмауы туралы қорытынды жасаймыз;
- егер айтарлықтай белгісіздіктің болуы туралы қорытынды жасасақ, біз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептілікте тиісті ақпаратты ашуға назар аудартуымыз керек не егер осындай ашу тиісінше болып табылмаса, біз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің қорытындымыз аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жасауға қабілетін жоғалтуына апаруы мүмкін.
- жалпы қаржылық есептіліктің ұсынылуына, оның құрылымына және ақпаратты ашуды қоса алғанда, мазмұнына, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізіндегі операциялардың және оқиғалардың ұсынылуы олардың дәйекті берілуін қаншалықты қамтамасыз ететінін бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін адамдармен оларға мәлімет үшін басқамен қатар аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудиттің қорытындысы бойынша маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде аудит барысында біз анықтаған ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы айта отырып, ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға мәлімдемені ұсынамыз, онда біздің осы адамдардың тәуелсіздігіне қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз туралы және осы адамдарды барлық өзара қарым-қатынастар туралы және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етеді деп негізді санауға болатын басқа да мәселелер туралы, қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы көрсетіледі.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға мәлімет үшін жеткізілген мәселелердің ішінде біз ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік үшін ең маңыздыларын анықтаймыз, сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып табылады. Осы мәселелер туралы ақпараттың жария ашылуына заңда немесе нормативтік актіде тыйым салынған, немесе өте сирек жағдайларда осындай ақпаратты жариялаудың теріс салдары оны жариялаудан қоғамдық маңызды пайдасынан асып кететінін негізді болжамдауға болатын кезде осы мәселе туралы ақпаратты біздің

қорытындымызда көрсетілмеуге тиіс деген пайымға келетін жағдайларды қоспағанда, біз осы мәселелерді аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз,

Жангир Жилысбаев
«Делойт» ЖШС Бас директоры
Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметті
жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия
№ 0000015, сериясы МФЮ-2,
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

Роман Саттаров
Тапсырма бойынша әріптес
Қазақстан Республикасының білікті
аудиторы
Аудитордың біліктілік куәлігі
№ МФ-0000149
2013 жылғы 31 мамыр

2021 жылғы 1 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Қордың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілігі

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп (мың теңгемен)

| | 2020 жылғы 31 желтоқсан | 2019 жылғы 31 желтоқсан (қайта қаралды) * |
|--|----------------------------|---|
| АКТИВТЕР | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 255,657,173 | 278,564,324 |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша инвестициялар | 255,873,010 | 311,856,061 |
| Амортизацияланға құн бойынша инвестициялар | 1,186,249,813 | 584,250,242 |
| Салымдар | 404,682,641 | 68,409,973 |
| Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар | 539,765,700 | - |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | 307,695 | 62,043 |
| Кейінге қалдырылған салықтық активтер | 325,340,691 | 234,111,296 |
| Дебиторлық берешек | 407,531,193 | - |
| Басқа да активтер | 1,601,048 | 37,190 |
| Барлығы активтер | 3,377,008,964 | 1,477,291,129 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 728,478,225 | - |
| Басқа да міндеттемелер | 313,156 | 179,350 |
| Барлығы міндеттемелер | 728,791,381 | 179,350 |
| КАПИТАЛ | | |
| Акционерлік капитал | 4,675,733,142 | 2,553,115,990 |
| Қосымша төленген капитал | 158 | 158 |
| Жинақталған шығын | (2,027,515,717) | (1,076,004,369) |
| Барлығы капитал | 2,648,217,583 | 1,477,111,779 |
| Барлығы міндеттемелер және капитал | 3,377,008,964 | 1,477,291,129 |

- *Ескертпе:* Алдыңғы кезең бойынша түзету жөніндегі толық ақпарат Қордың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған қаржылық есептілігінде және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысында көрсетілген.

**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
пайда мен зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп
(мың теңгемен)**

| | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (қайта қаралды) * |
|---|---|---|
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен есептелген пайыздық кірістер | 239,577,120 | 106,958,058 |
| Басқа да пайыздық кірістер | 22,467,576 | 29,533,190 |
| Пайыздық шығыстар | (36,793,458) | - |
| Таза пайыздық кіріс | 225,251,238 | 136,491,248 |
| Күтілетін шығындар бойынша резервтерді қалыптастыруға шығыстар | (152,158,759) | (275,846,121) |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтердің әділ құнының өзгеруінен болған таза (шығын)/кіріс | (34,640,056) | 68,117,673 |
| Қызметкерлерге шығыстар | (1,316,791) | (486,568) |
| Басқа да жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар | (674,300) | (139,010) |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза кіріс/(шығын) | 148 | (92) |
| Басқа да кіріс | 131,021 | 5 |
| Табыс салығы шегерілгенге дейін пайда/(шығын) | 36,592,501 | (71,862,865) |
| Табыс салығы бойынша шығыс | (4,200,260) | (17,759,970) |
| Бір жылдағы таза пайда/(шығын) | 32,392,241 | (89,622,835) |
| Басқа да жиынтық кіріс | | |
| Бір жылдағы жиынтық кіріс | - | - |
| Барлығы бір жылдағы жиынтық кіріс/(шығын) | 32,392,241 | (89,622,835) |

- **Ескертпе:** Алдыңғы кезең бойынша түзету жөніндегі толық ақпарат Қордың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігінде және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысында көрсетілген.

**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы
есеп (мың теңгемен)**

| Мың теңгемен | 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ | | |
| Алынған сыйақылар | 22 086 265 | 32 252 052 |
| Төленген сыйақылар | (212 269) | - |
| Басқа да төленген шығыстар | (525 897) | (118 891) |
| Қызметкерлерге төленген сыйақылар | (1 214 614) | (469 784) |
| Табыс салығын қоспағанда төленген салықтар | (1 501) | (842) |
| Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза операциялық активтеріндегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы | 20 131 984 | 31 662 535 |
| Операциялық активтердің ұлғаюы: | | |
| Амортизациялық құн бойынша инвестициялар | (375 398 093) | - |
| Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар | (270 144 914) | - |
| Дебиторлық берешек | (406 918 904) | - |
| Басқа активтер | (1 586 276) | (29 291) |
| Операциялық қызметтен табыс салығын төлегенге дейін ақша қаражатының таза (кетуі)/келуі | (1 033 916 203) | 31 633 244 |
| Пайдаға төленген салық | | - |
| Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза (кетуі)/келуі | (1 033 916 203) | 31 633 244 |
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ | | |
| «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ біріктіруден ақша қаражатының таза түсуі | | 120 |
| Инвестицияларды амортизациялық құн бойынша сатып алу | (856 398 607) | (1 020 183 681) |
| Амортизациялық құн бойынша инвестицияларды өтеуден түсімдер | 25 624 254 | 2 314 182 |
| Инвестицияларды пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша сатып алу | (72 977 031) | (3 759 003) |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша инвестицияларды өтеуден түсімдер | 26 148 000 | - |
| Қаражатты салымдарға орналастыру | (410 474 830) | (39 882 694) |
| Салымдарды орналастырудан түсімдер | 5 918 051 | 838 769 |
| Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатып алу | (102 960) | (18 803) |
| Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза әкетілуі | (1 282 263 003) | (1 060 691 230) |

**ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ
ҚОЗҒАЛЫСЫ**

| | | |
|---|----------------------|----------------------|
| Жай акциялардың эмиссиясынан түсімдер | 1 908 358 260 | 1 081 518 400 |
| Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түсімдер | 538 148 935 | - |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу | (125 500 000) | - |
| Төленген дивидендтер | (27 735 140) | - |
| Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза келуі | 2 293 272 055 | 1 081 518 400 |
| Шетел валютасының бағамы өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражатының қалдықтарына әсері | - | - |
| Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза азаюы | (22 907 151) | 52 460 414 |
| Жыл басындағы ақша қаражаты | 278 564 324 | 226 103 910 |
| Жыл соңындағы ақша қаражаты | 255 657 173 | 278 564 324 |


2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы капиталдағы өзгерістер туралы есеп (мың теңгемен)

| | Акционерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Жинақталған зиян | Барлығы капитал |
|---|----------------------|--------------------------|------------------------|----------------------|
| 2018 жылғы 31 желтоқсанда | 1,471,597,590 | 158 | (442,569,242) | 1,029,028,506 |
| Тікелей капиталдың құрамында көрсетілген меншік иелерімен операциялар | | | | |
| Жай акциялар шығару | 1,081,518,400 | - | - | 1,081,518,400 |
| Салымдарды бастапқы тану кезінде танылған 5,460,452 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі дисконт | - | - | (26,981,491) | (26,981,491) |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша инвестицияларды және амортизацияланған құн бойынша инвестицияларды бастапқы тану кезінде танылған 134,435,915 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі дисконт | - | - | (516,830,801) | (516,830,801) |
| Барлығы меншік иелерімен операциялар | 1,081,518,400 | - | (543,812,292) | 537,706,108 |
| Жиынтық зиянның барлығы | - | - | (89,622,835) | (89,622,835) |
| 2019 жылғы 31 желтоқсанда (қайта қаралды)* | 2,553,115,990 | 158 | (1,076,004,369) | 1,477,111,779 |
| Тікелей капиталдың құрамында көрсетілген меншік иелерімен операциялар | | | | |
| Жай акцияларды шығару | 1,908,358,260 | - | - | 1,908,358,260 |
| «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ны біріктірумен байланысты жай акцияларды шығару | 214,258,892 | - | - | 214,258,892 |
| Салымдарды бастапқы тану кезінде танылған 23,049,318 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегерілген дисконт | - | - | (92,197,270) | (92,197,270) |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша инвестицияларды және амортизацияланған құн бойынша инвестицияларды бастапқы тану кезінде танылған 122,143,272 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі дисконт | - | - | (488,573,086) | (488,573,086) |
| Акционердің шешімі бойынша қайта құрылымдау бойынша 49,744,050 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегерілген операциялар | - | - | (374,526,788) | (374,526,788) |
| Акционердің шешімі бойынша басқа да бөлу | - | - | (871,305) | (871,305) |
| Дивидендтерді төлеу | - | - | (27,735,140) | (27,735,140) |
| Барлығы меншік иелерімен операциялар | 2,122,617,152 | - | (983,903,589) | 1,138,713,563 |
| Жиынтық кірістің барлығы | - | - | 32,392,241 | 32,392,241 |
| 2020 жылғы 31 желтоқсанда | 4,675,733,142 | 158 | (2,027,515,717) | 2,648,217,583 |

- **Ескертпе:** Алдыңғы кезең бойынша түзету жөніндегі толық ақпарат Қордың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігінде және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысында көрсетілген.

2020 жылғы Жылдық есеп

Терминдер мен анықтамалар



ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының осы 2020 жылғы Жылдық есебінде мынадай терминдер және анықтамалар пайдаланылады:

| | |
|--|--|
| Қор | - «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы |
| ҚР Ұлттық Банкі | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік мекемесі |
| АКК | «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамы |
| Қордың Корпоративтік басқару кодексі | - Қордың Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 16 тамыздағы №8 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі |
| Қордың Корпоративтік этика кодексі | - Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 13 мамырдағы №8 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік этика кодексі |
| Басым жобаларға кредит беру тетігі | - «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 Қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігі |
| Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы |
| ҚР банк секторының қаржылық орнықтылығы бағдарламасы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы №129 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы |
| «7-20-25» бағдарламасы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы №107 қаулысымен бекітілген «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй бағдарламасы |
| Қайта қаржыландыру бағдарламасы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі №69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы |
| Жеңіл автомобильдерді сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы №79 қаулысымен бекітілген Отандық өндірістің жеңіл автомобильдерін сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы |
| «Нұрлы жер» бағдарламасы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй- |

коммуналдық дамудың 2020 - 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы

«Баспана хит» НИӨ

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы №123 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредит беруді ынталандыру тәсілдеріне сәйкес әзірленген «Баспана хит» нарықтық ипотекалық өнімі

ШОК субъектілер

ХӨОТ

- Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтары мәртебесін растаған қарыз алушылар

Қордың Жарғысы

- Қордың Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы №1 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жарғысы

«Бәйтерек» холдингі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Қор

Заңды мекенжайы: А25D6Н8, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 136,

Нақты мекенжайы: А26А4К6, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Луганский көшесі, 96

Кеңсе\Қабылдау бөлмесі +7 (727) 277-20-25 (ішкі 7300)

info@kfu.kz

Бірыңғай CALL CENTER (тәулік бойы):

+7 (727)-22-7-20-25

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу мәселелері және Қор қызметкерлерінің немесе лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттері фактілері бойынша:

+7(727) 344-27-44 (ішкі 7407) Қордың ішкі аудитору